**Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидаларын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ішкі істері министрінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 939 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 қаңтарда № 12834 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 карашадағы № 758 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 02.11.2020 № 758 ( алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексі 8-бабының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ереже осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы басқармасының бастығы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2), 3), және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери-дәрігерлік комиссиясы туралы ережені және оның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 139 бұйрығының күші жойылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Б.Б. Бисенқұловқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясына (Н.Ш. Исабеков) жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*
*полиция генерал-полковнигі* *Қ.Қасымов*

"Келісілді"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
___________Т. Дүйсенова
2015 жылғы 3 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 18 қарашадағы
№ 939 бұйрығына
1-қосымша

## Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық

денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама (бұдан әрі - ӘДС) жүргізу тәртібін анықтайды.

3. ӘДС:

1) ішкі істер органдарына қызметке қабылданатын адамдарды (бұдан әрі – қызметке қабылданатын адамдар) денсаулық жағдайы, дене шынықтыру және психикалық дамуы бойынша бөліністердегі қызметке және қызмет түрлеріне ( лауазымы бойынша, мамандығы бойынша);

2) ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын ( бұдан әрі – қатардағы және басшы құрамдағы адамдар) бөліністердегі қызметке және қызмет түрлеріне (лауазымы бойынша, мамандығы бойынша);

3) азаматтарды Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынышты білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) оқуға түсуге;

4) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды білім беру ұйымдарына оқуға түсуге;

5) азаматтардың ішкі істер органдарында денсаулық жағдайы бойынша қызметке жарамдылық санатын;

6) азаматтардың ішкі істер органдарынан босату сәтінде ішкі істер органдарында денсаулық жағдайы бойынша қызметке жарамдылық санатын;

7) қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың мертігуінің (жарақаттар, контузиялар, жаралану) ауырлық дәрежесін анықтау кезінде;

8) қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың және азаматтардың, оның ішінде Чернобыль АЭС-гі апаттың зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды орындауға тартылған, радиоактивті заттармен ластанған басқа да аумақтарда қызмет өткерген адамдардың ауруларының, мертігулерінің (жарақат, контузия, жаралану) себепті байланысын анықтау кезінде;

9) қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың қызмет (әскери жиындар) кезеңінде және қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл өткенге дейін өлімге әкеп соқтырған ауруларының, мертігулерінің (жарақат, контузия, жаралану) себепті байланысын анықтау кезінде;

10) білім беру ұйымдары курсанттары мен тыңдаушыларын одан әрі оқуға;

11) жиілігі 30 кГц-тен 300 гГц-ке дейінгі диапазонда электромагниттік өріс түзейтін көздермен жұмыс істейтін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды ;

12) зақымдарының (жарақат, контузия, жаралану) себепті байланысы туралы мәселені шешу үшін бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың,

Ұлы Отан соғысына және басқа да әскери оқиғаларға қатысқандардың дене жарақаттарының анық зардаптарының сипатын және мерзімін анықтау кезінде медициналық куәландыру кезінде жүргізіледі.

## 2-тарау. Әскери-дәрігерлік сараптама өткізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Медициналық куәландыру:

1) қызметке қабылданатын адамдарға;

2) білім беру ұйымдарына оқуға түсетіндерге;

3) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға;

4) білім беру ұйымдарының курсанттары мен тыңдаушыларына;

5) радиоактивті заттармен, иондаушы сәулену көздерімен, зымыран отыны компоненттерімен, электромагниттік өріс көздерімен байланысты қызметке іріктеп алынатын және қызмет өткеретін ішкі істер органдарының қызметкерлеріне;

6) ұзақтығы 6 айдан астам оқуға немесе білімін жетілдіруге жіберілетін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қатысты жүргізіледі.

5. Тексерілетін адамды жалпы бағалау үшін маңызы бар қосымша ақпарат алу үшін медициналық куәландыру кезінде тек ерікті негізде полиграфты пайдалана отырып, арнайы психофизиологиялық зерттеу қолданылады.

6. Әскери-дәрігерлік комиссиялар (бұдан әрі – ӘДК) осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 132 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6175 болып тіркелген) бекітілген Адамдар денсаулығының Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы қызметке сәйкестігіне қойылатын талаптарға (бұдан әрі - Талаптар) сәйкес қорытынды және қаулы шығарады.

7. ӘДК-ге куәландыруға жолдауды ішкі істер органдарының кадр қызметтері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді.

Кадр қызметтері қызметке қабылданатын азаматтардың әскери билеттерін, тіркеу куәліктерін зерделейді және олар әскери қызметке жарамды немесе шамалы шектеулерімен жарамды болып әскери есепте тұрған жағдайда ғана оларды ӘДК-ге жібереді.

Бұған дейін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарынан, арнайы мемлекеттік органдарынан, Қарулы Күштерінен, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарынан ауруы бойынша жұмыстан шығарылған, мерзімді әскери қызметтен ауруы бойынша қызметтен босатылған және жергілікті әскери

басқармалардың органдарында әскери қызметке жарамсыз не болмаса шектеулі жарамды ретінде әскери есепте тұратын адамдар ӘДК-ге жіберілмейді.

Мамандандырылған денсаулық сақтау ұйымында толық клиникалық тексеруден өткеннен кейін жергілікті әскери басқармалардың органдары есепке алу санатын өзгертеді.

Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке шектеулі жарамдылығы алынып тасталған адамдар міндетті түрде емдеу мекемелерінде жасалған және жергілікті әскери басқармалардың органдары жанындағы медициналық комиссияларда қаралған медициналық құжаттарын ұсына отырып, ӘДК-ге жіберіледі.

Бұған дейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – Қорғанысмині), Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ( бұдан әрі – ҰҚК) ӘДК-де әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдар медициналық куәландыруға жатпайды.

Медициналық куәландыруға берілген жолдамада ӘДК-де қаралуы тиіс куәландыру мақсаттары көрсетіледі:

қызметке қабылдау, қызмет бабымен ауысу немесе босату, болжамды лауазымға тағайындау;

ол бойынша куәландыру жүргізілуі тиіс Талаптардың бағандарын дұрыс анықтау үшін арнайы немесе әскери атақтарын көрсете отырып, бөліністе және қызмет түрі (лауазымы бойынша, мамандығы бойынша) бойынша қызмет өткеру;

еңбек сіңірген жылдарын (оның ішінде жеңілдікпен), босату себебін көрсете отырып, қызметтен босату, төтенше жағдайлар және әскери қақтығыстар кезінде, оның ішінде шетел мемлекеттерінің аумақтарында міндеттерді орындауға қатысу .

Сондай-ақ жолдамада бұрынғы ӘДК материалдарын пайдалану үшін соңғы куәландырудан өткен күні мен орны көрсетіледі.

Қызметке қабылданатын, бұған дейін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен Қорғаныс министрлігінің әскери құралымдарынан, Ұлттық қауіпсіздік комитетінен қызметтен босатылған, оның ішінде ауруы бойынша босатылған азаматтардың жолдамасында олардың қашан, қандай себеппен және жарамдық санатының қандай тұжырымы бойынша запасқа немесе отставкаға шығарылғаны көрсетіледі не қызметтен босату туралы бұйрықтың көшірмесі ұсынылады.

Білім беру ұйымдарына оқуға түсетін азаматтарға жолдамада оқу және әскери-оқу орнының атауы, оқыту нысаны (күндізгі, сырттай) және факультеттің атауы көрсетіледі.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды климаты қолайсыз жерлерде, радиоактивті заттармен зақымданған аумақтарда қызмет өткеруге жарамдығын

анықтау үшін жіберген кезде жергілікті жер (мемлекет, облыс, қала, аудан) көрсетілуі тиіс.

Жолдамаға кадр қызметінің жауапты адамы қол қояды, мөрмен (фотосуретте) расталады, инспектордың телефон нөмірі және берілген күні көрсетіледі.

Жолдама ӘДК-де куәландыру үшін берілген күннен бастап бір ай ішінде жарамды.

8. Ведомстволық медициналық немесе әскери-медициналық мекемеде, басқа да емдеу мекемелерінде емделіп жатқан қатардағы және басшы құрамдағы адамдардан ауыр созылмалы аурулар, функционалдық бұзушылықтары айқын көрінетін мертігу (контузия, жарақат, жаралану) зардаптары, қолайсыз болжанатын аурулар анықталған жағдайда, сондай-ақ емдеу тиімділігін бекіту үшін еңбек демалысы талап етілетін жағдайларда медициналық, әскери-медициналық мекемелердің бастықтары дәрігерлік-сараптамамен ауру нәтижесі анықталған кезде кадр қызметін көрсетілген адамдарды ӘДК-ге медициналық куәландыруға жіберудің мақсатқа сайлылығы туралы еркін нысандағы анықтамамен хабардар етеді.

Осындай анықтама кадрлар аппаратына жиі және ұзақ ауыртын адамдар туралы да жолданады.

9. ӘДК бір дәрігер-сарапшысының бір жұмыс күнінде куәландырған адамдарының саны тексеруден кейін оралғандарды қоса есептегенде бейбіт уақытта 25 адам, ал білім беру ұйымдарында соңғы рет куәландыру кезінде және соғыс уақытында – 50 адам.

10. Осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген адамдарды куәландыру ӘДК-де дәрігер-мамандардың: терапевтің, хирургтің, невропатологтың, психиатрдың, офтальмологтың, оториноларингологтың, әйел жынысты адамдарды гинекологтың қарауымен; көрсетімі бойынша (білім беру ұйымдарына оқуға түсушілерді қоспағанда) – дерматовенерологтың және стоматологтың міндетті түрде тексеруімен жүргізіледі. Көрсетімі болған кезде куәландырылушы басқа мамандарға тексеруге (кеңес алуға) жіберіледі.

Кеуде клеткасы органдарын флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу, қанның клиникалық толық талдауы, микроскопия әдісімен несептің жалпы талдауы, 1-тараудың 4-тармағының 3), 4) тармақшаларында көзделген адамдар санаты үшін адамның иммундық тапшылығы вирусына талдау және көрсетімі бойынша – мерезге серологиялық реакция, электрокардиографиялық зерттеу, білім беру ұйымдарына қабылданатын адамдарға бас сүйек қуысының рентгенографиясы, 40 жастан асқан адамдарға көз іші қысымын өлшеу, қанның құрамындағы қанттың мөлшерін анықтау, әйел жынысты адамдарға жұғынның тазалық сатысын зерттеу, қажет болған кезде ауруларды шынайы диагностикалау мақсатында басқа да функционалдық және зертханалық зерттеулер жүргізіледі.

11. Өзінің құрамында психологиялық-физиологиялық зертханасы ( психологиялық тобы) бар ӘДК жетекші мамандықтардың сарапшы-дәрігерлері медициналық куәландырудан өткізгеннен кейін психодиагностикалық тексеру жүргізеді.

11-1. ӘДК-ның қорытынды отырысы барлық мамандардың тексерулері аяқталған соң не болмаса осы Қағидалардың 25-тармағында баяндалған негіздер бойынша медициналық куәландыру тоқтатылғаннан кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей өткізіледі.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Полиграфологиялық тексеру қызметке, оқуға түсуге жарамды деп танылған және психодиагностикалық тексеру нәтижелері бойынша ұсынылған адамдарға, ӘДК-де медициналық куәландыру аяқталған соң жүргізіледі.

Полиграфологиялық тексеруге жолдаманы ішкі істер органдарының кадр қызметтері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімдейді.

Полиграфологиялық тексеру қорытындысын іске асыру мерзімі – 12 ай.

13. Штаттық ӘДК-де медициналық куәландыру үшін:

қызметке қабылданатын азаматтарға, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға және қызмет бойынша, оның ішінде климаты қолайсыз жерлерге ауысу, ұзақ шетелдік іссапарларға шыққан кезде, білім беру ұйымдарының сырттай оқу нысанына түсуші, магистратураның, докторантураның және Академиялық курстардың күндізгі бөліміне түсуші қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың отбасы мүшелеріне осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес медициналық куәландыру актісі;

білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанына түсуші адамдарға, оқуға немесе ұзақтығы 6 айдан астам уақытқа білімін жетілдіруге жіберілетін адамдарға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру ұйымына оқуға түсушінің медициналық куәландыру картасы (бұдан әрі – медициналық куәландыру картасы) толтырылады.

## 1-параграф. Ішкі істер органдарына қызметке қабылданатын азаматтарды куәландыру

14. Кадр қызметінің ӘДК-ге медициналық куәландыру үшін берген жолдамасы бар кандидаттар:

1) амбулаторлық карталарды (025\у-нысаны), ерекше жағдайларда – аталған карталардың болмау себебі (жоғалу және тағы басқалар) көрсетілген анықтама; бақылау, жұмыс, оқу немесе қызмет орны бойынша медициналық мекемелердің

учаскелік дәрігерінен кемінде соңғы 5 жылдағы денсаулық жағдайын сипаттайтын анықтаманың көшірмесі; Қарулы Күштерден, басқа әскерлер мен әскери құралымдардан қызметтен шығарылған адамдарға бір жыл ішінде – медициналық сипаттама;

2) психоневрологиялық, наркологиялық (ағзасындағы есірткі заттары мен психотроптық заттарды анықтау тестісінің нәтижелері бар), туберкулезге қарсы, тері-венерологиялық диспансерлерден, одан басқа, әйелдерге бақылау орны бойынша әйелдер консультациясынан диспансерлік есеп туралы анықтама;

3) басқа медициналық ұйымдардан:

азаматтардың денсаулық жағдайын сипаттайтын медициналық құжаттар ( стационарлық науқастың медициналық картасынан көшірме-үзінді), рентгенограммалар (үлдірлер), зерттеулердің арнайы әдістер хаттамалары;

қанның клиникалық толық талдауы;

мерезге микрореакция (RW);

несептің жалпы талдауы (микроскопиясы бар);

электрокардиограмма (ЭКГ сипаттамасы бар);

сипаттамасы бар және өту мерзімі медициналық куәландыру күні үш айдан аспаған кеуде клеткасы органдарының флюорографиясы (рентгенографиясы);

40 жастан асқан адамдардың көз іші қысымын өлшеу және қанның құрамындағы қанттың талдауы;

өрт сөндірумен және апат-құтқару жұмыстарымен байланысты лауазымдарға қабылданушылар үшін электроэнцефалография (ЭЭГ) және спирография;

әйел жынысты адамдарға жұғынның тазалық деңгейін зерттеу нәтижесін ұсынады.

15. Анықтамалар, талдаулар және көшірме-үзінділер денсаулық сақтау мекемесінің бланкілерімен ресімделеді және мөрмен расталады.

Кеуде клеткасы органдарын флюорографиялық зерттеу және көрсетілген тармақта тізбеленген басқа да зерттеулер 3 ай ішінде, тек қанның және несептің жалпы талдаулары – 14 күнге жарамды болады.

Жоғарыда аталған мәліметтер болмаған жағдайда ӘДК қызметке қабылданатын адамды куәландыруға жібермейді.

Қызметке орналасатын азамат ұсынатын оның денсаулық жағдайын сипаттайтын немесе ауруларының бар-жоғы туралы медициналық құжаттар кандидатты ӘДК-де куәландырудан босатпайды. Медициналық бақылау және зертханалық, аспаптық зерттеулер нәтижелері туралы мәліметтердің дұрыстығы үшін ӘДК оларды қосымша сұрау салулар, қайта тексеру арқылы нақтылайды.

Медициналық куәландыру аяқталғаннан соң кандидатқа амбулаториялық карталары, қызметке қабылдауға жарамсыз деп танылған азаматтардың өтініші

бойынша медициналық құжаттарының (анықтамалар, талдаулар) көшірмелері қайтарылады.

16. Жарамдылығы шектелмей әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілер арасынан қызметке қабылданатын азаматтар ӘДК-де куәландырудан өту сәтіне дейін 3 айдан аспайтын мерзімде ұсынылған медициналық кітапшаларында, мерзімдік қызметтегі әскери қызметшінің медициналық сипаттамаларында не болмаса офицердің медициналық кітапшаларында осы Қағидадардың 14-тармағының 1) және 2) тармақшаларында аталған медициналық бақылау туралы жеткілікті мәліметтер болған кезде, анықтамалар (ағзасынада есірткі құралдары мен психотроптық заттардың бар-жоғына жүргізілген тестілеудің нәтижелері бар наркодиспансердің анықтамасын қоспағанда) ұсынылмайды.

Медициналық көрсетімдері бойынша қосымша зерттеулер жүргізіледі.

17. Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды куәландырудан өтушінің ауруының дәл диагнозына негізделеді.

18. ӘДК-де куәландыру барысында қызметке қабылданатын азаматтар қосымша тексеруге және өздерінің келісімімен диагнозын анықтау немесе осы ауруын емдеу үшін медициналық мекемелерге емделуге жіберіледі.

Куәландырудан өтуші бас тартқан немесе бір ай ішінде медициналық тексеруді аяқтауға мүмкіндігі болмаған кезде, сондай-ақ тағайындалған қосымша медициналық зерттеулер нәтижелерін мерзімінде ұсынбаған жағдайда ӘДК: " Медициналық куәландыруға келмеуіне және немесе тексерудің аяқталмауына байланысты қорытынды шығарылған жоқ" деген қорытынды шығарады немесе болжамды диагноз негізінде "құқық қорғау органдарындағы қызметке жарамсыз" деген қорытынды шығарады.

19. Бұған дейін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарынан, ҚР ҰҰ (бұдан әрі – Ұлттық ұлан), ҰҚК, Қарулы Күштерінен, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарынан, мерзімдік қызметтен ауруы бойынша босатылғандар қатарынан қызметке қабылданатындарды куәландыру кезінде оларға қатысты жергілікті әскери басқару органдары жанындағы медициналық комиссиялар жарамдылық санаты туралы қорытындыны қайта қарайды, ӘДК осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген ұсынылған әскери-есепке алу және медициналық сараптама құжаттарын зерделейді, қажет болған кезде жетіспейтін құжаттарды сұратады, қажетті қосымша зерттеулер, негізгі ауруы бойынша бейіні бойынша жетекші мамандардың консультациясын жүргізеді.

ӘДК нақтылы лауазымдағы қызметке жарамды деп таныған адамдарға қорытынды ресімделеді және тіркеледі. ӘДК-де қаралған медициналық куәландыру актісі барлық медициналық сараптамалық және әскери-есепке алу құжаттарымен бірге, сондай-ақ медициналық куәландыру анықтамасы осы

Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясына (бұдан әрі – ҚР ІІМ ОӘДК) жіберіледі.

20. Фельдъегерлік қызмет бөліністеріне, автомотокөлік жүргізушілері лауазымына, жол-патрульдік қызметке, өрт сөндіру қызметіне қызметке қабылданатын, Талаптардың ІІ бағаны бойынша куәландырудан өтетін азаматтарға вестибулярлық аппаратпен зерттеу жүргізіледі.

21. Қызметке қабылданушыларға қатысты қорытынды Талаптарға қосымшалардың тармақтарына сәйкес, жолдамада көрсетілген қызмет түріне ( лауазымы және мамандығы бойынша) сәйкес келетін бағандардың бірі бойынша, "қабылданушылар" бөлімі бойынша шығарылады.

Соғыс уақытында қызметке қабылданушылардың жарамдығы туралы қорытынды "қатардағы және басша құрам" бөлімі бойынша шығарылады.

22. Қызметке қабылданатын азамат куәландыруға арналған жолдамада көрсетілген лауазымға, мамандық бойынша жарамсыз болған кезде, кадр қызметінің келісімі бойынша ӘДК бір уақытта, онда қызмет өткеру денсаулығына зиян келтірмейтін бөліністегі және қызмет түріндегі (лауазымы және мамандығы бойынша) қызметке жарамдығы туралы қорытынды шығарады.

23. Куәландыру нәтижелері бойынша ӘДК-нің соңғы қорытындысы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық куәландыру актісіне, әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалар кітабына және медициналық куәландыру туралы анықтамаға жазылады. Куәландыру кезінде барлық анықталған аурулар мен дене кемшіліктері сараптамалық маңыздылығы тәртібімен көрсетіледі.

Жарамдылығы, жарамсыздығы туралы комиссияның қорытындысы кандидатқа комиссияның отырысында жарияланады.

24. ӘДК Талаптардың І, ІІ бағандары бойынша қызметке жарамды деп таныған қызметке қабылданушы азаматтар кез келген климаттық жағдайларда қызмет өткеруге жарамды.

25. Азаматтарда (азаматшаларда) ішкі істер органдарына қызметке қабылдауға кедергі келтіретін аурулар, мертігулер немесе жүктілік анықталған кезде одан әрі медициналық куәландыру тоқтатылады және ӘДК: "Құқық қорғау органдарындағы қызметке жарамсыз" (жолдамаға сәйкес) қорытынды шығарады. Уақытша еңбекке жарамсыздыққа әкеп соқтыратын жіті аурулар анықталған кезде ішкі істер органдарындағы қызметке уақытша жарамсыз деп танылған адамдарға қатысты осындай қорытынды шығарылады. Куәландыру барысында сарапшы-дәрігер, маман куәландырудан өтушіге ұсынылған емдеудің орындылығы, диамикалық бақылау мерзімі туралы түсініктеме береді.

26. ӘДК-де медициналық куәландыру туралы анықтама қорытынды шығарылған сәттен бастап 3 күннен кешіктірмей ресімделеді және медициналық куәландыру актісінің титул парағында белгі қойып (күні, қолы, тегі анық жазылған) кадр қызметінің қызметкеріне беріледі.

27. Кадр қызметінің қызметкерлері алынған медициналық мәліметтерді, куәландырылушыға жазылған психологиялық сипаттаманы тек қызметтік мақсатта қызметке кандидатты қабылдау мәселесін шешу үшін пайдаланады.

## 2-параграф. Ішкі істер органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсуші азаматтарды куәландыру.

28. Күндізгі оқу нысанына азаматтардың мынадай санаттары жіберіледі:

1) әскери қызметшілер және қатардағы, басшы құрамдағы адамдар;

2) мерзімдік қызметтің аяқталуы бойынша запасқа шығарылған азаматтар;

3) азаматтық жастар арасындағы адамдар.

29. 17 жасқа толмағаны себепті тіркеу куәлігін алмаған адамдардан басқа тіркеу куәліктері немесе әскери билеттері жоқ азаматтық жастар арасындағы адамдар медициналық куәландыруға жіберілмейді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Білім беру ұйымдарына күндізгі оқу нысанына түсуші азаматтар, оның ішінде қатардағы және басшы құрамдағы адамдар және әскери қызметшілер алдын ала және соңғы медициналық куәландырудан өтеді.

Алдын ала медициналық куәландыру жүргізгеннен кейін жарамды деп танылғандардың медициналық куәландыру анықтамасы және медициналық куәландыру картасы ӘДК отырысының хаттамалары кітабына оларды бергені туралы белгі қоя отырып, кандидатты жіберген кадрлар қызметіне беріледі.

31. Алдын ала куәландыру басталғанға дейін ӘДК осы Қағидадардың 14 және 15-тармақтарында көрсетілген медициналық құжаттарды, одан басқа, медициналық картасын (026-у нысан), егу картасын (063-у нысан) зерделейді.

Білім беру ұйымдарына оқуға түсуші қатардағы және басшы құрамдағы адамдар амбулаторлық пациенттің медициналық картасын (медициналық кітапшалар) ұсынады.

32. Білім беру ұйымдарына оқуға түсуші адамдарды куәландыру ӘДК-де осы Қағидадардың 10-тармағына сәйкес жүргізіледі. Медициналық куәландыру басталғанға дейін:

кеуде клеткасы органдарының флюорографиясы (рентгенографиясы);

қанның клиникалық толық талдауы;

несептің жалпы талдауы (микроскопиямен);

мерезге серологиялық реакция;

АИТВ-ға қан талдауы;

электрокардиографиялық зерттеу;

электрэнцефалогия (бұдан әрі - ЭЭГ), спирография және өрт сөндіру қызметінің мамандарын даярлайтын факультетке оқуға түсетіндер үшін мұрынның қосалқы қуыстарының рентгенографиясы;

ауруларды дәлелді диагностикалау үшін қажетті басқа да функционалдық және зертханалық зерттеулер жүргізіледі.

33. Осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес білім беру ұйымдарына оқуға түсуге кандидаттардың барлығына психофизиологиялық және полиграфологиялық зерттеулер жүргізіледі.

34. Алдын ала куәландыруды ІІМ ОӘДК, облыстардың, республикалық маңызы бар қалаларының Полиция департаменттерінің (бұдан әрі - ПД) штаттық ӘДК оқуға қабылдау емтихандарынан 4 ай бұрын жүргізеді және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 77 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13199 болып тіркелген) Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес оқу орындарына жеке істерді жіберудің соңғы мерзімінен кешіктірмей аяқталады.

ӘДК тіркеу бөлімі алдын ала куәландыруға жолдамаларды қабылдауды және оқуға түсуге кандидаттарға медициналық куәландыру карталарын беруді оқу орындарына жеке істерді жіберудің аяқталу мерзімінен 3 жұмыс күні бұрын тоқтатылады.

Соңғы куәландыруды білім беру ұйымының уақытша жұмыс істейтін ӘДК білім беру ұйымына қабылдау кезеңінде жүргізеді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Күндізгі оқыту нысанына оқуға түсушілерге ӘДК қорытындысы Талаптардың тиісті қосымшалары бойынша "оқуға түсушілер" бөлімі бойынша шығарылады:

II баған бойынша қорытынды өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қорғаныс және азаматтық қорғаныс саласындағы мамандарды даярлайтын факультеттерге оқуға түсуге кандидаттарға шығарылады;

III баған бойынша қорытынды мемлекеттік өртке қарсы қадағалау мамандарын даярлайтын факультетке оқуға түсушілерге шығарылады;

I баған бойынша басқа факультеттерге оқуға түсуші кандидаттарға шығарылады.

36. Азаматтық жастар арасындағы адамдарда ауру немесе дене кемшіліктері белгіленген жағдайда Талаптардың "оқуға түсушілер" бөлімі бойынша қосымшаларында жарамдылығын жеке бағалау көзделеді, олар білім беру ұйымдарына оқуға түсуге жарамсыз деп танылады.

37. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда Талаптардың "қатардағы және басшы құрам" бөлімі бойынша қосымшаларда саптағы немесе саптан тыс қызметке жарамдылығы жеке көзделген аурулар болған кезде, олар білім беру ұйымдарының күндізгі оқыту нысанына оқуға түсуге жарамсыз деп танылады.

38. Күндізгі оқу нысанының мемлекеттік өртке қарсы қадағалау мамандарын даярлайтын факультетке оқуға түсуші қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қорытынды Талаптардың "қатардағы және басшы құрам" бөлімі бойынша III бағаны бойынша шығарылады. Талаптардың қосымшалары бойынша саптағы немесе саптан тыс қызметке жарамдылығы жеке көзделген аурулар болған кезде, олар оқуға түсуге жарамсыз деп танылады.

39. Соғыс уақытында азаматтық жастар арасынан білім беру ұйымдарына түсушілер Талаптардың I бағаны, "оқуға түсушілер" бөлімі бойынша, қатардағы және басшы құрамдағы адамдар III бағаны, "қатардағы және басшы құрам" бөлімі бойынша куәландырылады.

Азаматтық жастар арасындағы адамдарда ауру немесе дене кемшіліктері белгіленген жағдайда Талаптардың қосымшаларында жарамдылығын жеке бағалау, ал қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың - саптағы немесе саптағы емес қызметке жарамдылығы жеке көзделеді, соғыс уақытында білім беру ұйымдарына оқуға түсуге жарамдылығы жеке қаралады.

40. Алдын ала куәландырудың қорытындылары әскери-дәрігерлік комиссияның хаттамалар кітабына жазылады. Оқуға түсуге жарамсыз деп танылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың амбулаторлық науқастың медициналық картасына қосымша диагноздың негіздемесі және қорытынды жазылады.

Отырыс хаттамаларына комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды және мөрмен расталады. Ммедициналық куәландыру туралы анықтама ӘДК-де қорытынды шығарылған сәттен бастап 3 күннен кешіктірмей ресімделеді. Анықтама және куәландыру картасы кадр қызметінің қызметкеріне хаттамалар кітабына қол қойғыза отырып (күні, қолы, анық жазылған тегі) беріледі. Амбулаторлық карта кандидаттың қолында қалады, оқуға түсуге жарамды деп танылған жағдайда, ол оқуға түсу орны бойынша соңғы куәландырудан өту үшін жеке өзіне ұсынылады.

41. Соңғы куәландыру білім беру ұйымының штаттан тыс уақытша әрекет ететін ӘДК-де жүргізіледі.

42. Күндізгі оқыту нысанына оқуға түсушілер, көрсетімдері болған кезде, сарапшы-дәрігердің қорытындысы бойынша қосымша тексеруге және емделуге жіберіледі.

Ұзақ зерттеуді қажет ететін ауру диагнозы белгіленген кезде, кандидат болжамды диагнозға негіздеме бере отырып, білім беру ұйымына оқуға түсуге жарамсыз деп танылады.

Медициналық куәландыру картасын толтыру кезінде патологиясы болмаса, объективтік зерттеулердің сипаттамасында қысқартуларға жол беріледі.

43. Уақытша әрекет ететін ӘДК-нің білім беру ұйымына оқуға түсуге жарамсыз деп танылған адамдарға беретін қорытындысына төрағаның қолымен және штаттық аумақтық ӘДК-нің мөрімен бекітіледі және осыдан кейін білім беру ұйымы ӘДК отырысының хаттамалар кітабына, ал оқуға түсуге жарамсыз деп танылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға, одан басқа, амбулаторлық науқастың медициналық картасына диагнозын негіздейтін деректер мен қорытындыеы көрсете отырып енгізіледі.

44. Білім беру ұйымының уақытша әрекет ететін ӘДК төрағалары абитуриенттерді куәландыру аяқталғаннан кейін күнтізбелік 5 күн ішінде ҚР ІІМ ОӘДК-ге соңғы медициналық куәландырудың өткізілгені туралы есепті (білім беру ұйымының уақытша әрекет ететін ӘДК құру туралы бұйрықтың нөмірі және шығарылған күні, куәландырушылар құрамы және ұйымы, жүргізілген қосымша зерттеулер көлемі, республиканың облыстары бойынша куәландырудан өткендердің жалпы саны, себептерін көрсете отырып, аяқталмаған куәландырулар саны, оқуға түсуге жарамсыздар саны, алдын ала куәландыру және медициналық құжаттаманы ресімдеу бойынша ескертпелер мен ұсыныстар және т.б.), осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес оқу, оқу, әскери оқу орнының ӘДК денсаулық жағдайы бойынша оқуға түсуге жарамсыз деп таныған кандидаттардың тізімін жібереді.

Білім беру ұйымдарына оқуға түсуге жарамсыз деп танылғандардың медициналық куәландыру карталары да осы мерзімдерде ҚР ІІМ ОӘДК-ге жіберіледі.

45. Білім беру ұйымдарынан қайтарылған карталар бойынша талдаулар нәтижелерін алдын ала куәландыру жүргізген ӘДК ҚР ІІМ ОӘДК-ге жылдық есепте ұсынады.

## 3-параграф. Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын куәландыру

46. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар куәландыруға медициналық картасынан үзіндімен (медициналық сипаттамасымен) және қызметтік мінездемесімен жіберіледі. Көшірмеде (медициналық сипаттамада) медициналық динамикалық және диспансерлік бақылау нәтижелері, соңғы 5 жылды ауырған аурулары, соңғы 12 айдағы еңбекке жарамсыз күндерінің саны көрсетіледі.

Көрсетімдері белгіленген жағдайда, ішкі істер органдарынан шығарылған, 25 және одан көп жыл қызмет өткерген адамдарға стационарлық зерттеу жүргізіледі . Психикалық, онкологиялық және басқа да ауыр аурулармен ауыртындар адамдар, сондай-ақ аурудың нәтижесі анықталмаған кезде анағұрлым ұзақ зерттелуі мүмкін.

Стационарлық зерттеу нәтижелері куәландырылушыны жіберген ӘДК үшін стационарлық науқастың медициналық картасынан (ауру тарихынан) толық үзіндімен ресімделеді.

47. Қызметтік мінездемеде қатардағы және басшы құрамдағы адамның денсаулық жағдайының олар атқаратын лауазымы бойынша қызметтік міндеттерін орындауына тигізетін әсері туралы мәліметтер, басшылығының оны қызметте қалдырудың мақсатқа сайлығы туралы пікірі және басқа лауазымға ауыстыру мүмкіндігі көрсетіледі.

Қызметтік мінездемені ішкі істер органының көрсетілген қызметкер қызмет өткеретін бөлінісінің басшысы әзірлейді.

48. ішкі істер органдарының қызмет өткеру кезінде мертіккен қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға кадр қызметі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес ӘДК-ге жеке істегі мертігу (жарақат, контузия, жаралану) жағдайлары туралы актіні, әскери қызметшілерге осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес мертігуі ( жарақат, контузия, жаралану) туралы анықтаманы ұсынады, ал олар болмаған кезде Жеке құрам жөніндегі инспекцияның бөліністері қызметтік тергеу жүргізеді. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың мертігу (жарақат, контузия, жаралану) жағдайлары туралы мәліметтері бар басқа да құжаттар жіберіледі.

49. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда, курсанттар мен тыңдаушыларда бетпе-бет куәландыруға кедергі жасайтын ауыр созылмалы, онкологиялық, психикалық аурулар анықталған, ұзақ аурулар немесе дәрігерлік-сараптаманың қолайсыз нәтижесімен анықталған жарақат зардаптары ұзақ байқалған кезде, сондай-ақ бетпе-бет медициналық куәландырудан бас тартқан кезде, кадр қызметі ӘДК-ге жолдамаға жаза отырып, көрсетілген адамның жарамдылық санаты және ауруының, мертігудің себепті байланысы туралы қорытынды шығаруға ұсыным жасайды.

50. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды куәландыруды ӘДК осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес жүргізеді.

51. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды медициналық куәландыру кезінде ӘДК мүшелері куәландырудан өтетін адамның медициналық құжаттарын зерделейді, клиникалық-сараптамалық анамнез жинайды, денсаулық сақтау ұйымдарынан жетіспейтін медициналық құжаттарды сұратады.

Қажет болған кезде кадр қызметтерінен және ішкі істер органдарының, әскери құралымдардың, басқа мекемелер мен ұйымдардың арнайы мемлекеттік мұрағаттарының бөліністерінен жеке (зейнеткерлік) істерін, медициналық құжаттарын, қызметтік тексеру, әкімшілік тергеу, анықтау, қылмыстық істер материалдарын, мінездемесін, мұрағаттық анықтамаларын, бұйрықтардан, актілерден, хаттамалардан үзінділерді және басқа да құжаттарды сұратады. Сараптамалық қорытынды шығару кезінде ескерілетін аталған құжаттардағы мәліметтерге талдау жүргізеді.

Амбулаторлық карталары жоқ қатардағы және басшы құрамдағы адамдар медициналық куәландыруға жіберілмейді, ал оны ұсыну мүмкін болмаған жағдайда тереңдетілген медициналық тексеру жүргізуге жатады.

52. ӘДК қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың жарамдылық санаты туралы қорытындыны Талаптардың тиісті бағаны, "қатардағы және басшы құрам " бөлімі бойынша бөлінісін және қызмет түрін ескере отырып шығарады.

Талаптарға сәйкес жарамдылық санатын "В-жеке" жеке бағалау көзделетін, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда бірін-бірі ауырлататын үш және одан да көп аурулары (зақымдары) болған және қолайсыз болжам кезде оған қатысты "әскери қызметке шектеулі жарамды" қорытынды қабылданады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Куәландыру сәтіне зейнеткерлікке шығу құқығы жоқ қызметкерлерді Талаптардың I және II бағандары бойынша куәландыру кезінде және "бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды" не болмаса "әскери қызметке шектеулі жарамды" қорытындысын шығарған кезде ӘДК Талаптардың III, IV бағандары бойынша олардың жарамдылық мүмкіндіктерін қарастырады.

Осы қызметкерлерге Талаптардың III, IV бағандары бойынша жолдама ұсынған және көрсетілген бағандар бойынша "әскери қызметке шектеулі жарамды" қорытындысын шығарған кезде, ӘДК нақты ұсынылған лауазымға жарамдылығын анықтау мақсатында, егер атқаратын немесе ұсынылған лауазымдардағы қызмет аурудың (закымдардың) ағымына кері әсерін тигізбейтін жағдайда және қызметкер денсаулық жағдайы бойынша жүтелетін функцияларды іске асыруға қабілетті болса, қосымша " ____ қызметке жарамды" (нақтылы лауазымын көрсетіп) қорытындыңы шығарады.

Нақты лауазымға жарамдылығын анықтау үшін осындай қосымша қорытындылар лауазымдардағы қызметті жалғастырушы немесе Талаптардың III , IV бағандары бойынша лауазымдарға тағайындалатын қызметкерлерді куәландыру кезінде, "әскери қызметке шектеулі жарамды" қорытындысын шығару кезінде шығарылады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың денсаулық жағдайы бойынша Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет өткеру (тұру) мүмкіндігін анықтау үшін медициналық куәландыруды штаттық ӘДК жүргізеді.

55. Медициналық куәландыру кезінде ӘДК осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың, әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет, әскери қызмет өткеруіне медициналық қарсы көрсетулер тізбесін басшылыққа алады.

56. Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет өткеретін қатардағы және басшы құрамдағы адамдар, әскери қызметшілер кадр қызметінің, білім беру ұйымдары бастықтарының жолдамалары бойынша осы жерлерде қызмет өткеру мүмкіндігін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтеді.

57. Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет өткеру (тұру) үшін жіберілетін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды, білім беру ұйымдарының тыңдаушыларын медициналық куәландыру кезінде ӘДК тек Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың, әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет, әскери қызмет өткеруіне медициналық қарсы көрсетулер тізбесіндегі медициналық қарсы көрсетулердің бар екенін немесе жоқ екенін анықтайды.

58. Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет өткеретін қатардағы және басшы құрамдағы адамдар, әскери қызметшілер және осы жерлерде қызмет өткеруіне кедергі келтіретін ауруының бар екені туралы белгіленген тәртіппен мәлімдеген адамдар медициналық куәландыруға жіберіледі. ӘДК олардың көрсетілген жерлерде қызмет өткеру мүмкіндігі туралы мәселені, егер олар медициналық куәландыру кезінде әскери қызметке жарамды немесе "әскери қызметке шектеулі жарамды" деп танылған жағдайда ғана шешеді.

Әскери қызметке жарамсыз деп танылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға сырқаты туралы куәлік ресімделеді және кадр қызметіне беріледі.

Ескерту. 58-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Ішкі істер органдарының кадр қызметтері Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет өткеретін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға, әскери қызметшілерге медициналық куәландыруға жолдамалар берудің дұрыстығы мен негізділігі үшін жауап береді.

60. Ішкі істер органдарының кадр қызметінің жолдамасында қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды медициналық куәландыру мақсаты – оның нақты лауазымда қызметке, әскери қызметке жарамдылығын және денсаулық жағдайы бойынша Қазақстан Республикасының нақты жерінде қызмет өткеру мүмкіндігін анықтау.

61. ӘДК-ға жодамамен бірге амбулаторлық науқастың медициналық картасы (медициналық кітапша) және денсаулық сақтау ұйымдары дәрігерлерінің онда бар аурулары, олардың ағымының ерекшеліктері, жүргізіліп жатқан емдеудің тиімділігі туралы толық қорытындылары ұсынылады.

62. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет өткеруге осы Қағидаларға 12-қосымшада көрсетілген медициналық қарсы көрсетулердің бар-жоғы туралы ӘДК-нің қорытындысы денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көмек көрсетудің барлық мүмкіндіктері таусылған және қатардағы және басшы құрамдағы адамды ауыстыру немесе оның отбасы мүшесін Қазақстан Республикасының басқа жеріне көшіру олардың денсаулығын сақтау шарасы болып танылған жағдайларда ғана шығарылады.

63. Ішкі істер органдарында, нақты әскери қызметке болудың шекті жасына жеткен және өзінің денсаулық жағдайы бойынша басқа жерге ауыстыру туралы мәселе көтерген қатардағы және басшы құрамдағы адамдар медициналық куәландыруға жіберілмейді.

64. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды медициналық куәландыру кезінде ӘДК:

1) денсаулық жағдайы бойынша жолдамада көрсетілген ауданда тұру үшін медициналық қарсы көрсетулердің бар-жоғын;

2) қатардағы және басшы құрамдағы адамдар ауыстырылатын немесе қызмет өткеретін жерлерде жоқ мамандандырылған денсаулық сақтау ұйымдарында ұзақ емделу және бақылау, арнайы оқу орнында оқытудың, тәрбиелеудің қажеттілігін;

3) оларды тасымалдау мүмкіндігін (қашықтығына және көлік түріне қарамастан, науқасты тасымалдау оның денсаулығының күрт нашарлауына

немесе өлімге әкеп соғуы мүмкін ағза функцияларының бұзылуы науқасты тасымалдамау туралы қорытынды шығару үшін негіз болып табылады);

4) мамандандырылған медициналық көмек көрсетілетін облысты, қаланы;

5) отағасын ауыстырудың шұғылдығын (1-3 айдың ішінде, қысқы немесе жазғы оқу кезеңі аяқталғаннан кейін) анықтайды.

65. Медициналық куәландыру нәтижесінде ӘДК қызмет өткеруге (тұруға) қарсы көрсетулер болмаған кезде мынадай қорытынды шығарады:

"Денсаулық жағдайы бойынша ________________________(облысты, ауданды көрсету қажет) ішкі істер органдарында қызмет, әскери қызмет өткеруге, тұруға қарсы көрсетулер жоқ."

66. Медициналық куәландыру нәтижесінде ішкі істер органында қызмет өткеруге (тұруға) қарсы көрсетулер болған кезде ӘДК мынадай қорытындылард шығарады:

1) "Медициналық қарсы көрсетулер тізбесінің _____ тармағы, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 20____ жылғы _____________ № ____ бұйрығы негізінде __________________________________ ішкі істер

(облысты, ауданды көрсету қажет)

органында қызмет өткеруге, тұруға қарсы көрсетілімдер бар.*";

2) "Медициналық қарсы көрсетулер тізбесінің _____ тармағы, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 20____ жылғы _____________ № ____

бұйрығы негізінде __________________________________ ішкі істер

(облысты, ауданды көрсету қажет)

органында қызмет өткеруге, тұруға қарсы көрсетілімдер бар.

___________________________________

* Қорытынды осы Қағидаларға 12-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерге ауыстыру жоспарланған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қатысты қабылданады.

____________________________________ ішкі істер органында қызмет

(облысты, ауданды көрсету қажет)

өткеру, тұру ұсынылады.

3) "__________________________________ мамандандырылған денсаулық

ақтау ұйымдарында (облысты, ауданды көрсету қажет) ұзақ емделуге, бақылауға және тұруға мұқтаж.

Отағасын ауыстыруды 1-3 ай ішінде, қысқы және жазғы оқу кезеңі аяқталғаннан кейін жүзеге асыру мақсатқа сай болып табылады".

4) Тасымалдау мүмкін болмауына байланысты

"________________________________ қоныс аударуға қарсы көрсетулер бар.

(облысты, ауданды көрсету қажет)".

67. Іске асырылуы қатардағы және басшы құрамдағы адамның басқа жерге ауысуына әкеп соғатын, қатардағы және басшы құрамдағы адамға қатысты ӘДК-нің қорытындысы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалары кітабында тіркеліп, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сырқаты туралы куәлікпен ресімделеді және осы куәлік Қазақстан Республикасы ІІМ-нің ОӘДК-да, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының (тиесілігі бойынша) ӘДК-да бекітілуге жатады.

Қалған барлық жағдайларда ӘДК-нің қорытындысы бекітілуге жатпайтын, медициналық куәландыру туралы анықтамамен ресімделеді.

ӘДК-нің қорытындысы куәландырылған амбулаторлық науқастың медициналық картасына (медициналық кітапшасына) жазылады. Қатардағы және басшы құрамдағы адамды ӘДК-ға жіберген кадр қызметіне, командирге ( бастыққа) немесе кадр органына анықтама немесе жоғары тұрған ӘДК бекіткен сырқаты туралы куәлік беріледі.

Жоғары тұрған ӘДК-нің қорытындысымен бекітілмеген сырқаты туралы куәлік оның бекітілмеу себептері мен тиісті нұсқауларды баяндай отырып, оны жасаған комиссияға қайтарылады.

68. Қажет болған жағдайларда жоғары тұрған ӘДК қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды бақылау зерттеу және медициналық куәландыруды іске асыруы мүмкін.

69. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың денсаулық жағдайы бойынша климаты қолайсыз ыстық шет елдерде қызмет өткеру (тұру) мүмкіндігін анықтау үшін медициналық куәландыруды штаттық ӘДК жүргізеді.

Қажет болған жағдайда, қатардағы және басшы құрамдағы адамдар ведомстволық медициналық, әскери-медициналық мекемелерде, денсаулық сақтау мекемелерінде стационарлық зерттеуден кейін куәландырылады.

70. Куәландырудан өтетін адамдарға қан мен несеп зерттеу жүргізіледі, қанның тобы мен резус-тиесілігі анықталады, адамның иммунитет тапшылығы вирусына қан талдауы (белгіленген сертификат бере отырып), кеуде қуысы органдарын рентгенологиялық зерттеу, электркардиография (қажет болған кезде жүктеме сынақтар жүргізе отырып), қандағы қантты зерттеу, көздің ішкі қан қысымын өлшеу (40 жастан асқан адамдарға), сондай-ақ көрсетулер бойынша басқа да зерттеулер (рентгенологиялық, зертханалық, аспаптық және өзге де) жүргізіледі.

71. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар, әскери қызметшілер ӘДК-ға психоневрологиялық, туберкулезге қарсы және тері-венерологиялық диспансерлерден анықтамалар ұсынады. Көрсетілген анықтамаларсыз медициналық куәландыру жүргізілмейді. Анықтамалар ӘДК-да сақталады.

72. Медициналық куәландыру кезінде ӘДК осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес Климаты қолайсыз ыстық шет елдерге шығатын қатардағы және басшы құрамдағы адамдар үшін медициналық қарсы көрсетулер тізбесін басшылыққа алады.

73. Медициналық куәландыру нәтижелері медициналық куәландыру актісіне, әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалар кітабына енгізіледі және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша климаты қолайсыз ыстық шет елге шығатын адамның денсаулық жағдайы туралы анықтамамен ресімделеді. Шығу ісіне арналған анықтама екі данада толтырылады және кадр қызметіне жіберіледі.

74. Штаттық ӘДК-нің жоғары басшы құрамдағы адамдарға, генералдарға климаты қолайсыз ыстық шет елде қызмет өткеруге жарамдылығы немесе жарамсыздығы туралы қорытындысы Қазақстан Республикасы ІІМ-нің ОӘДК-де бекітілуге жатады. Мұндай жағдайда ӘДК-нің қорытындысы климаты қолайсыз ыстық шет елге шығатын адамның денсаулық жағдайы туралы 3 данадағы анықтамамен ресімделеді. Бұл ретте көрсетілген анықтаманың 3 данасы медициналық куәландыру актісімен және басқа да медициналық сараптамалық құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ОӘДК-ге жіберіледі.

75. Климаты қолайсыз ыстық шет елге тікелей шығар алдында кадр қызметінің жолдамасы бойынша терапевт-дәрігер, ал қажет болған жағдайда іссапарға шығатын адамның денсаулық жағдайын нақтылау үшін ведомстволық емдеу-алдын алу мекемесінің басқа маман-дәрігерлері медициналық зерттеу жүргізеді.

76. Климаты қолайсыз шет елдерге 6 айдан астам мерзімге ұзақ іссапарға балаларымен бірге шығатын адамдар ӘДК-ға баланы бақылау жері бойынша денсаулық сақтау мекемелерінен өткізілген профилактикалық егулер мен күнтізбелік шығатын жылда жоспарланған егулерді көрсете отырып, профилактикалық егу картасын ұсынады.

77. Қазақстан Республикасында қолданыстағы егулер күнтізбесінде белгіленген мерзімде профилактикалық егу жасалмаған, сондай-ақ медициналық қарсы көрсетулері бар қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға, әскери қызметшілерге қатысты ӘДК климаты қолайсыз ыстық шет елдерде тұруға жарамсыздығы туралы қорытынды шығарады.

78. Климаты қолайсыз шет елге шығатын адамға профилактикалық егу жүргізу тәртібі сол елдегі өзгеріп отыратын эпидемиологиялық жағдаймен айқындалады, ол туралы мәліметтер аумақтық денсаулық сақтау органының эпидемиологиялық бөлімінде әрқашан нақтыланып отырады.

Карантиндік ауруларға қарсы жүргізілген қажетті профилактикалық егулер куәландырылатын адамға берілетін егулер туралы халықаралық сертификатпен ресімделеді.

Куәландырылатын адамға карантиндік ауруларға қарсы профилактикалық егулер жүргізу үшін қарсы көрсету болып табылатын ауру (сары безгек, оба және т.б.) болған кезде, ӘДК климаты қолайсыз ыстық шет елде қызмет өткеруге ( тұруға) жарамсыздығы туралы қорытынды шығарады.

79. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды медициналық куәландыру нәтижесінде қарсы көрсетулер болмаған кезде ӘДК мынадай мазмұндағы қорытындылар шығарады:

"Денсаулық жағдайы бойынша климаты қолайсыз ыстық шетелге жіберуге қарсы көрсетілім жоқ".

80. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды медициналық куәландыру нәтижесінде қарсы көрсетулер болған кезде ӘДК мынадай мазмұндағы қорытындылар шығарады:

"Медициналық қарсы көрсетулер тізбесінің, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 20____ жылғы _____________ № ____ бұйрығының негізінде климаты қолайсыз ыстық шет елге жіберуге қарсы көрсетулер бар".

81. Қатардағы және басшы құрамдағы адамның климаты қолайсыз ыстық шет елге шығу мүмкіндігі туралы ӘДК қорытындысы медициналық куәландыру күнінен бастап 6 ай ішінде жарамды. Егер көрсетілген мерзім ішінде куәландырылған адам шықпаса немесе медициналық куәландыру уақытына қарамастан, шыққанға дейін оның денсаулығында өзгерістер болса, медициналық куәландыру қайта жүргізілуі тиіс.

82. Климаты қолайсыз ыстық шет елді қоспағанда, басқа мемлекетке 6 айға дейінгі мерзімге шығатын қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды куәландыруды ведомстволық денсаулық сақтау ұйымдары жүргізеді, ал штатта қажетті маман болмаған жағдайда, олар Шет елге ұзақ, қысқа мерзімді іссапарлар мен туристік сапарларға шығатын және оларды медициналық көрсетулер бойынша шетелденісспарға жіберген кезде қатардағы және басшы құрамдағы адамдар үшін қарсы көрсетулер тізбесінің негізінде денсаулық сақтау ұйымдарынан тартылады.

83. Білім беру ұйымының курсанттары мен тыңдаушыларын аумағында білім беру ұйымы орналасқан ПД-ның штаттық ӘДК куәландырады.

Білім беру ұйымы медициналық бөлімінің бастығы ӘДК-ге қажетті медициналық және қызметтік құжаттарды ұсынуды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 83-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Білім беру ұйымының курсанттары мен тыңдаушыларына қорытынды барлық оқу мерзімі ішінде (мемлекеттік өртке қарсы қадағалау мамандарын даярлайтын Академияның және факультеттердің тыңдаушыларынан басқа):

1) өрт қауіпсіздігі мамандарын даярлайтын білім беру ұйымдарының курсанттары мен тыңдаушыларына – Талаптардың II бағаны бойынша;

2) қалған білім беру ұйымдарының курсанттары мен тыңдаушыларына - Талаптардың I бағаны бойынша қорытынды шығарылады.

85. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар арасынан Академия тыңдаушыларының қызметке жарамдығы туралы шешім Талаптардың III бағаны, "қызметкерлер" бөлімі бойынша шығарылады.

86. Бірінші жыл оқитын курсанттар мен тыңдаушыларда медициналық куәландыру нәтижелері бойынша Талаптардың қосымшаларының тиісті бөлімдері бойынша жарамдылығын жеке бағалау көзделген аурулар анықталған жағдайда, олар оқуға жарамсыз деп танылады.

Оқытудың бірінші жылында одан әрі оқуға жарамсыз деп танылған білім беру ұйымдарының курсанттары мен тыңдаушыларына, ӘДК бір уақытта осы Қағидалардың 58-тармағында көрсетілген Талаптардың бағандары бойынша олардың қызметке жарамдығы туралы мәселені қарайды.

Бірінші курстың курсанттары мен тыңдаушыларының денсаулық жағдайындағы уақытша сипаттағы өзгерістер кезінде ӘДК Талаптардың I және II бағандары бойынша тек қызметтен босатудың немесе демалыс берудің қажеттігі туралы қорытынды шығарады. Олардың одан әрі оқуға жарамдығы туралы және Талаптардың I және II бағандары бойынша қызметке жарамдығы туралы қорытынды негіз болған кезде, денсаулық жағдайы бойынша қызметтен босату, ауруы бойынша демалысының мерзімі өткеннен кейін шығарылады.

Курсанттарды екінші жылдан (курстан) бастап медициналық куәландыру кезінде ӘДК білім беру ұйымының және факультеттің бейініне қарай Талаптардың I, II, III бағандары бойынша қызметке жарамдығы туралы мәселені шешеді. Олар I, II, III бағандар бойынша әскери қызметке немесе саптан тыс қызметке жарамды деп танылған жағдайда, бір уақытта білім беру ұйымы мен факультеттің бейініне сәйкес келетін Талаптардың тиісті бағандары бойынша одан әрі оқуға жарамдығы туралы қорытынды шығарылады.

87. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды, курсанттар мен тыңдаушыларды медициналық куәландыру және ӘДК қорытындысының нәтижелері медициналық куәландыру актісіне, әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалар кітабына, ал олар жарамсыз деп танылған кезде – амбулаторлық науқастың медициналық картасына, медициналық кітапшасына жазылады. Қорытынды осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық куәландыру туралы анықтамамен немесе ауруы туралы куәлікпен

ресімделеді. Анықтама ӘДК-де қорытынды шығарылған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, медициналық куәландыру туралы куәлік қорытынды шығарылған сәттен бастап күнтізбелік 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей ресімделеді.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды басқа лауазымға жіберген кезде, шешім қабылданғаннан кейін, егер дәрігерлердің тексеру жүргізуді бастаған және тексеру деректері басталған сәттен бастап алты ай ішінде денсаулық жағдайында маңызды өзгерістер болмаса (мәліметтер жоқ) осы актіде хаттамалар кітабына тіркей отырып, қайта қорытынды қабылдауға жол беріледі.

88. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың ауруы бойынша демалысқа немесе қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға мұқтаждығы туралы қорытынды Талаптарда көзделген жағдайларда шығарылады. Ауруы бойынша демалысты қалпына келтіру емінің соңғы сатысы ретінде қарау керек.

89. Соғыс уақытында қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды емдеу медициналық мекемеде жүргізіледі және аяқталады. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды қызмет міндеттерін орындауға кірісу мерзімінің өтуі 3 айдан аспаған жағдайда, ӘДК денсаулық сақтау ұйымында емді жалғастырудың қажеттігі туралы қорытынды шығарады. Егер, бұл мерзім 3 айдан асса, ӘДК қатардағы және басшы құрамдағы адамның қызметке уақытша жарамсыздығы, 3-6 айдан кейін қайта куәландыру туралы қорытынды шығарады.

90. Тыңдаушыларға (курсанттарға) академиялық демалыс білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен ӘДК-нің қорытындысы негізінде Осы Қағидаларға сәйкес беріледі.

Психикалық, ауыр созылмалы аурулар, жарақат зардаптары анықталған жағдайда ӘДК "Әскери қызметке шектеулі жарамды", "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды", "Әскери есептен шығара отырып, қызметке жарамсыз" тұжырымдамасымен қорытынды шығарылса, академиялық демалыс ұсынылмайды.

ӘДК-нің "Әскери қызметке шектеулі жарамды. Білім беру ұйымында оқуға жарамсыз" деген қорытындысы негізінде оқудан шығарылған бітіруші курстардың тыңдаушылары (курсанттар) ішкі істер органдары бөліністерінің жедел емес лауазымдарында қызметін жалғастыруы және ӘДК-де міндетті түрде медициналық куәландырудан өту шартымен білім беру ұйымының сырттай оқыту нысаны бойынша оқуға қайта қабылдануы мүмкін.

Ескерту. 90-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. ӘДК ауруының, зақымының сипаты және ауырлығына қарай демалыстың ұзақтығын белгілейді.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға бейбіт уақытта ауруы бойынша демалыс Талаптарының жекеленген баптарында көзделген жағдайларда 30 тәулікке беріледі және болжамы негізделген, еңбекке қабілеттігінің қалпына келуіне кепілдік берілетін жағдайда кадр қызметінің келісімі бойынша 30 тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

92. Қызметтік міндеттерін орындау мүмкіндігі қалпына келмейтіні туралы ұйғарым даусыз негізді болған жағдайда қатардағы және басшы құрамдағы адамның ауруы бойынша демалысқа мұқтаждығы туралы немесе оның қызметке уақытша жарамсыздығы туралы ӘДК-нің қорытындысы шығарылмайды, қызметке жарамдылық санаты туралы мәселе шешіледі.

93. Жалпы алғанда бір ауру бойынша үздіксіз емдеуде болу уақыты, ауруы бойынша демалыста болуын қоса есептегенде үзіліссіз 4 айдан аспауы не болмаса 12 айдың ішінде үзілісі бар 5 айдан аспауы тиіс, ал туберкулезбен ауыратын адамдарға – 10 ай, осы мерзім өткеннен кейін ӘДК қызметкердің ішкі істер органдарындағы қызметке жарамдылық санатын анықтайды.

Қызметтік міндеттерін орындау кезінде зақым (жарақат, контузия, травма) алған қызметкерлерді ӘДК-де куәландыру тек денсаулық сақтау ұйымдарында емделу аяқталғаннан кейін ғана не болмаса тұрақты қолайсыз дәрігерлік-сараптама нәтиже анықталған кезде жүргізіледі.

Қызметтік міндеттерін орындау кезінде зақым алған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды медициналық куәландыру денсаулық сақтау ұйымдарында емделу аяқталғаннан кейін немесе нәтиже анықталғаннан кейін жүргізіледі, қызметкердің қызметтік міндеттерін және қызметтік борышын орындау кезінде алған зақымна байланысты емделуде болу уақыты шектелмейді.

Ішкі істер органының басшысы емдеу-алдын алу мекемесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамның емдеуде болғаны туралы ақпаратын ескере отырып, одан әрі қызметке жарамдылығын анықтау үшін ӘДК-ге медициналық куәландыруға жіберу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар арасындағы әйелдерге жүктілігі және бала тууы бойынша демалыс олардың баянаты және әйелдер консультациясының медициналық құжаттары негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімге беріледі.

Әйелдер – қатардағы және басшы құрамдағы адамдар жүктілігі белгіленген сәттен бастап декреттік демалысы аяқталғанға дейін ӘДК-ге медициналық куәландыруға жіберілмейді.

94. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қызметтен босатылан кезде ауруы бойынша демалысқа мұқтаждығы туралы қорытынды шығарылмайды.

95. Соғыс уақытында қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға ауруы бойынша демалысқа мұқтаждығы туралы қорытынды шығарылмайды.

96. ӘДК қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың емдеуді жалғастыруы үшін, бір медициналық мекемеден екіншісіне ауыстыру туралы қорытынды, сондай-ақ жалпы қызмет өткеру ұзақтығы 25 жыл және одан көп, қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша, денсаулық жағдайы немесе ұйымдастырушылық-штаттық іс-шараларға байланысты қызметтен босатылған орта, аға және жоғарғы басшы құрамдағы адамдардың, егер оның емдеу орнына көшуіне байланысты болса, стационарлық емдеуге мұқтаждығы туралы қорытынды шығарады.

Жалпы қызмет өткеру ұзақтығы 25 жыл және одан көп, қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша, денсаулық жағдайы бойынша немесе ұйымдастырушылық-штаттық іс-шараларға байланысты қызметтен босатылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар, орта, аға және жоғарғы басшы құрамдағы адамдар денсаулық сақтау саласының медициналық мекмелерге, ведомстволық медициналық, әскери-медициналық немесе санаторлық-курорттық мекемелерге емделуге бара жатқан кезде, ал қатардағы және басшы құрамдарғы адамдар, одан басқа ауруы бойынша демалысқа немесе тұрғылықты жеріне бара жатқан кезде алып жүруді қажет етсе, ӘДК бұл туралы қорытынды шығарады және олардың санын көрсетеді.

97. Білім беру ұйымдарының салмағы төмен, дене массасының индексі (бұдан әрі - ДМИ) 18,5 кг/м2* кем, тегін тамақ алатын курсанттары мен тыңдаушыларына ӘДК үш айдан аспайтын мерзімге азық-түлік үлесі нормаларында көзделген норманың жартысы шегінде қосымша тамақ беру туралы қорытынды шығарады. Тамақтандыру жағдайы Талаптарға 87-қосымшаны қолдануға түсініктемеге сәйкес анықталады.

Білім беру ұйымдарының бойы 190 см және одан жоғары курсанттары мен тыңдаушыларына ӘДК үш айдан аспайтын мерзімге азық-түлік үлесі нормаларында көзделген норманың жартысы шегінде қосымша тамақ беру туралы қорытынды шығарады. Қажет болған кезде ӘДК көрсетім бойынша қосымша тамақтандыру мерзімін ұзарту туралы қорытынды шығаруы мүмкін. Көрсетілген қорытындыны шығаруға көрсетім өзін нашар сезінетініне шағымдану, аштықты сезіну, тамақтанғаннан кейін тойғанын сезінбеуі, сондай-ақ дене салмағының теріс динамикасы болып табылады.

98. Ішкі істер органдарында қызмет өткерген азамат ішкі істер органдарынан қызметтен босатылу сәтінде (қызметтен босатылу себебі мен уақытына қарамастан) қызметке жарамдылығы туралы ӘДК-нің қорытындысын белгілеу немесе қайта қарау туралы өтініш білдірсе, оның тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органының кадр қызметі әскери қызметке жарамдылық санаты туралы осы адамға қорытынды шығарған ІІМ ОӘДК, ПД ӘДК-ға оның өтінішін, жеке ісін, ал Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің зейнеткеріне оған қоса

зейнеткер ісін, өтініш иесінің қолындағы немесе денсаулық сақтау ұйымдарынан алынған медициналық құжаттарын жібереді.

Психикалық ауытқу салдарынан денсаулық жағдайы бойынша қызметтен босатылған азаматқа одан басқа ол бойынша (ӘДК қорытындысы негізінде) қызметтен босатылған, бұрын анықталған психикалық ауытқу диагнозын өзгерту немесе алып тастау туралы мамандандырылған медициналық мекеменің қорытындысы ұсынылады.

Азаматтың өтінішін қанағаттандыру үшін негіздер болған кезде, ӘДК қорытындысы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘДК хаттамасымен ресімделіп, оған комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды, елтаңбалы мөрмен бекітіледі және ӘДК ісінде сақталады. ӘДК отырысы хаттамасының көшірмесі мәлімет үшін ҚР ІІМ ОӘДК-ге жолданады.

ӘДК қаулысы 3 данада ресімделеді, оған ӘДК төрағасы қол қояды және азаматтың құжатын жолдаған кадр қызметіне беріледі.

Ескерту. 98-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Куәландырылатын адамда Талаптарда көзделмеген ауру болған кезде ӘДК куәландырылатын адамның жағдайына және оның қызметке нақты жарамдылығына анағұрлым сәйкес келетін қосымша мен тармақ бойынша қорытынды шығарады. Бұл ретте қорытынды мынадай редакцияда шығарылады: "Талаптардың (№) бағанына (№) қосымшаға қатысты қолданылады."

100. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Қызметке, білім беру ұйымдарына қабылданатындарды және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын психофизиологиялық және полиграфологиялық зерттеу

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-параграф. Психофизиологиялық және психодиагностикалық зерттеу

102. Психофизиологиялық зерттеу психодиагностикалық және психофизиологиялық зерттеуді қамтиды, оның процесінде ішкі істер органдарындағы қызметке кәсіби психологиялық жарамдылыққа сараптама жүргізіледі.

103. Психофизиологиялық зертханада (бұдан әрі - ПФЗ) ӘДК мынадай контингентке:

1) қызметке қабылданатын азаматтарға;

2) білім беру ұйымдарына түсетін адамдарға;

3) қызмет бойынша ауысқан (оның ішінде жоғары тұрған лауазымға), шет елдерге ұзақ іссапарға шыққан және беделіне кір келтіруіне байланысты қызметтен босатылған кезде қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қатысты психодиагностикалық зерттеу (бұдан әрі - ПДЗ) жүргізіледі.

Психофизиологиялық іріктеу жүргізу үшін:

1) ПФЗ кабинеті;

2) отырғызу жерлері жеткілікті топтық ПДЗ-ға арналған сынып;

3) жеке зерттеу үшін психологтың жеке кабинеті қажет.

104. Топтық ПДЗ-ға арналған сынып қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды, қызметке қабылданатын және білім беру ұйымдарына түсетін азаматтарды жан-жақты психодиагностикалық зерттеуге арналған.

Зерттелетіндердің барлығына тест тапсырмалары мен нұсқаулықтар қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

105. Мыналар:

жеке тұлғаны жан-жақты зерттеу әдістемесі (ЖЖЗӘ) немесе шекті жасқа жеткен қызметкерлер үшін жеке тәртіппен жеке тұлғадан қысқартылған көпфакторлы сауалнама алу (ҚКЖС);

зерттелетін адамның зияткерлік нәтижелігін және ойлау ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін Равеннің "Прогрессивті матрицалары" немесе Қысқа бағдарлау тесті (бұдан әрі – ҚБТ);

эмоциялық-жігерлік саланың ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік беретін Люшердің түстік тесті психодиагностикалық зерттеудің міндетті әдістері болып табылады.

106. Сарапшы-дәрігердің, функционалдық диагоностика психологының психофизиологиялық зерттеуіне:

арнайы автокөліктің жүргізушілері лауазымына қабылданатын адамдар;

ашық ауадағы жедел қызметке қабылданатын адамдар;

Талаптардың II бағаны бойынша куәландырылатын адамдар жатады.

Назарды, есті, эмоциялық тұрақтылықты функционалдық диагоностикалау нәтижелері, сондай-ақ орталық жүйке жүйесінің функционалдық жағдайының

басқа да ерекшеліктері кадр қызметі үшін психологиялық мінездемелерде көрсетілуі тиіс.

Психодиагностикалық зерттеудің мақсаты мынадай қасиеттерді:

тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін, өзіне талапшылдықты, өзінің күшін, мүмкіндіктері мен мінез-құлқын объективті және сыни бағалай білуді,

жаңалыққа ұмтылуды, адамдарда жағымды пікір қалыптастыра білуді;

жұмысқа қабілеттілігі мен төзімділігін, қысылтаяң жағдайларда нақты және табанды әрекет ете білуді, өз бетінше дұрыс шешімдер қабылдай білуді;

логикалық ойлай білуді және бір қызмет түрінен екіншісіне ауыса білуді анықтау болып табылады.

Психологиялық мінездемелерде қызметке (оқуға) түсу себептері, зияткерлік деңгейі мен ерекшеліктері, өзін өзі бағалауы, коммуникативтік қасиеттері, эмоциялық-жігерлік қасиеттері, жеке тұлғаның бағыттылығы (әлеуметтік және мінез-құлықтық қағидалар), басқа да жеке қасиеттері (адамдармен қарым-қатынас жүйесі, әртүрлі жағдайлардағы мінез-құлық реакциялары) міндетті түрде жазылады.

107. Куәландырылатын адамдарды қайта психологиялық зерттеу алдынғы зерттеу өткізілгеннен кейін 6 айдан кейін өткізіледі. Қайта зерттеу жүргізу кезінде алдынғы зерттеулердің мұрағаттық деректері зерделенеді.

108. Психофизиологиялық зерттеу ӘДК сарапшы-дәрігер мамандары медициналық куәландырғаннан кейін, бірақ ӘДК психиатр-дәрігер маманы медициналық куәландырар алдында жүргізіледі.

109. Психофизиологиялық зерттеуге келген адамдарда өзімен бірге акті немесе медициналық зерттеу картасы және үміткерлерде жеке басты куәландыратын куәлік, әскери билет (жеке куәлік, тіркеу куәлігі), қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда – қызметтік куәлік болуы тиіс.

110. Психологиялық әдістемелердің барлық міндетті түрлері күннің бірінші жартысында жүргізіледі. Әңгімелесу, психофункциялық және тестілеудің қосымша түрлері күні бойы жүргізіледі.

Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

111. Ауыр соматикалық аурулары, созылмалы ауруының өршуінің айқын белгілері бар, мас күйдегі және басқа да заттармен уланған адамдар психофизиологиялық зерттеуге жатпайды. ПФЗ-ны тәуліктік, түнгі кезекшіліктен кейін жүргізуге тыйым салынады, мұндай жағдайларда психофизиологиялық зерттеу басқа күнге ауыстырылады.

112. Психофизиологиялық зерттеу мынаны:

негізгі психологиялық әдістемелерді пайдалана отырып, жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері туралы қалыптастырылған деректерді алу мақсатында топтық психофизиологиялық зерттеуді қамтиды. ПФЗ тест бланкілерін өңдеумен және әрбір куәландырушы бойынша бастапқы материалдарды қалыптастырумен аяқталады;

нақты және толық ашылып көрсетілген психологиялық мінездемені алу мақсатында жеке психофизиологиялық зерттеуді және әңгімелесуді;

бейімделуді бұзушылық белгілері болған кезде қосымша тестілерді қолдануды қамтиды.

113. Куәландырылатын адамда қауіп-қатер факторлары болған кезде ( мінез-құлық, эмоциялық-жігерлілік), бейімделу белгілерінің бұзылуы, зияткерлік және когнитивтік (танымдық) салалар көрсеткіштерінің төмендеуі, сондай-ақ барынша егжей-тегжейлі диагностикалау қажет болған кезде ол қосымша психофизиологиялық зерттеуге жіберіледі.

Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

114. ПФЗ қорытындысы ӘДК-нің дәрігер-психиатрына куәландырылатын адаммен мақсатты бағытталған және тереңдетілген клиникалық әңгімелесуді құруға, жасырын психикалық патологияны анықтауға және куәландырылатын адамның жеке тұлғасының психопатологиялық ерекшеліктері туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Көрсетілген зерттеу қосалқы ақпарат беретінін ескеру қажет. Дәрігер-психиатр өзінің сараптамалық қорытындысын психодиагоностикалық зерттеу нәтижелеріне толық тәуелді қылмайды, себебі олардың шынайылығы мен сараптамалық маңыздылығы дәрежесі көптеген факторларға: зерттеуді жүргізген психологтың даярлық деңгейіне және практикалық тәжірбиесіне, алынған нәтижелерді мұқият өңдеуге, оларды түсінудің дұрыстығы мен басқа да себептерге байланысты болады.

115. Ішкі істер органдары бөліністерінің кадр қызметтері, Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін психологиялық зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес қызметке, оқуға түсетін адамдарға, ішкі істер органдарына қызметке немесе осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарына түсуге жарамды деп танылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға толтырылады. Қорытындылар ұсынымдық сипатқа ие, олар кандидаттың толық ашып көрсетілген психологиялық мінездемесін және оның нақты қызмет түріне кәсіби жарамдылығы туралы мынадай қорытындылардың біреуін қамтиды.

"Ұсынылады" деген қорытынды қызметінің немесе оқуының табыстылығы және мінез-құлқының ауытқуы (нормативсіз болуы) немесе кәсіби ауруының

даму мүмкіндігінің төмендігі не бейімделу аяқталғаннан кейін кәсіби қызметі жеткілікті деңгейде тиімді әрі сенімді болып болжанатын адамдарға қатысты шығарылады. Оның жедел-қызметтік жұмыстағы тиімділігі мен сенімділігі негізінен кәсіби дайындық немесе тұрақты кәсіби дағдыларына байланысты айқындалады. Тұрақты кәсіби дағдыларды игеру – осы санаттағы кандидаттар үшін бейімделуінің бұзылуының немесе қысылтаяң жағдайларда мінез-құлқының ауытқуының алдын алудың маңызды бөлігі болып табылады.

"Ұсынылмайды" деген қорытынды:

жеке ерекшеліктері ұдайы шамадан тыс тырысуынан функциялық резервінің жылдам тозуына байланысты тіпті қызметке сапалы кәсіби даярлығы және жоғары уәждері болған кезде ұсынылып отырған лауазымдағы қызметінің немесе оқуының табыстылығын сенімді болжауға мүмкіндік бермейтін;

ауруының даму жоғары ықтималдылығы бар бейімделмеудің айқын белгілері, қызметке немесе оқуға қанағаттанарлықсыз уәжі, жағымсыз жеке ерекшеліктері, қоғамға қарсы мінез-құлық нысаны бар;

кәсіби маңызды психологиялық және психофизиологиялық қасиеттерінің төмен деңгейі, функционалдық жүйелерінің төмендетілген резерві бар адамдарға қатысты шығарылады.

116. Психологиялық мінездеме медициналық куәландыру туралы анықтамаға міндетті түрде енгізіледі және ПФЗ бастығының (сарапшы-психологтың) қолымен расталады.

Куәландырылатын адам "ұсынылды" деп танылған, бірақ қызметке бейімделу мерзімінде немесе есеңгіреген жағдайда ӘДК психологының пікірі бойынша уақытша психологиялық қолдау ұсынуға немесе түзетуге мұқтаж болғанда, психологиялық мінездеме мәтінінің мағынасына бақылау, түзету немесе қолдау қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізуге немесе бөлініс психологының қолдауына жол беріледі.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. Психофизиологиялық зертхана бастығы әрі бас сарапшы-психолог; жетекші сарапшы-психолог, аға сарапшы-психолог, сарапшы-психолог және функциялық диагностиканың сарапшы-психолог/дәрігері психология бойынша дайындығы бар жоғары психологиялық немесе медициналық білімі бар сарапшы-мамандар болып табылады.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-параграф. Полиграфологиялық зерттеу.

118. Зерттеуден өтудің негізгі мақсаты қосымша ақпарат алу және "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында полиграфологиялық зерттеуден өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 683 қаулысына сәйкес ішкі істер органдарына қызметке қабылданатын, Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына түсетін азаматтар хабарлайтын мәліметтердің шынайылығын тексеру болып табылады.

119. Ішкі істер органдарына қызметке қабылданатын, білім беру ұйымдарына түсетін азаматтар кадр бөлінісінің жолдамасы бойынша ӘДК-да зерттеуден өтеді .

120. Зерттеуден өтудің негізгі міндеттері:

қызметке, білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаған кезде;

мыналардың: тыйым салынған қоғамдық бірлестіктер қызметінің, қылмыстық және террористік ұйымдардың және басқалардың мүдделерінде қызметке, білім беру ұйымдарына оқуға келудегі құқыққа қайшы ниетін;

жүріс-тұрысындағы жасырын ауытқуларды, жағымсыз тәуелділігін, есірткі, психотроптық және психикалық және физикалық тәуелділік туғызатын өзге де психоактивті заттарды тұтынуды;

ішкі істер органдарында қызметті толық өткеруге кедергі келтіретін жасырылған сырқаттарды, өз-өзіне қол жұмсауға бейімділігін;

сауалнамалық деректерді, кірістер туралы, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелер, қос азаматтығының бар екендігі, жалған құжаттарды пайдаланғаны туралы мәліметтерді жасыруды немесе бұрмалауды;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының, бөгде адамдарға құпия немесе қызметтік ақпарат беруінің бұрын орын алған фактілерін;

тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылу фактілерін;

тыйым салынған қоғамдық бірлестіктермен, қылмыстық және террористік ұйымдармен байланыстарын немесе егер ол бұрын олардың қызметтік міндеттемелеріне кірмеген болса, коммерциялық құрылымдарға қатысуын;

қызметтік өкілеттіктерін теріс пайдалануын анықтайды.

121. Полиграфологиялық зерттеуден ӘДК-нің медициналық куәландыруы аяқталғаннан кейін қызметке, оқуға түсуге жарамды деп танылған және психофизиологиялық зерттеу нәтижелері бойынша ұсынылған адамдар өтеді.

Осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша полиграфологиялық зерттеуге алдын ала жазылу журналында күнін, уақыты мен полиграфологтың тегін көрсете отырып, ПГЗ өткізу жазбасы алдын ала жазылады.

Зерттеуді полиграфты пайдалана отырып, полиграфолог жүргізеді және бұл бірқатар жүйелі кезеңдерді қамтиды:

1) зерттелетін адаммен тестілеу алдындағы әңгімелесу;

2) зерттелетін адамды тестілеу;

3) қорытынды шығару.

122. Зерттелетін адам тестіні осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы жабдықталған үй-жайларда өтеді. Зерттеу зерттелетін адамның қалауы бойынша мемлекеттік не орыс тілінде өткізіледі және зерттелетін адамда қорлау немесе тіл тигізу сезімінің туындауын болдырмайды. Қажет болған жағдайда аудармашы ұсынылады.

123. Полиграфолог зерттеу жүргізер алдында қолдағы материалдармен алдын ала танысады, қажет болған кезде зерттелетін адамның денсаулығының жай-күйі туралы медициналық құжаттарды зерделейді және медициналық мекеменің тиісті мамандарымен ақылдасады.

124. Зерттелетін адаммен жүргізілетін тестілеу алдындағы әңгімелесулер:

1) зерттелетін адамның құқықтарын, сондай-ақ зерттеудің міндеттерін түсіндіруді;

2) полиграфпен және оның жұмыс істеу қағидатымен танысуды;

3) сұрақтарды талқылауды және түзетуді;

4) жауаптан жалтаруды, тәртібі мен әңгімесіндегі күйгелектігін, іс-қимылының сәйкессіздігін анықтау мен тіркеуді көздейді.

125. Тестілеуді өткізу кезінде зерттелетін адам осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі бөліктен тұратын полиграфологиялық зерттеу туралы декларацияны (бұдан әрі – декларация) толтырады. Декларацияның бірінші бөлігі тестілеуді өткізгенге дейін, декларацияның екінші бөлігі тестілеуді өткізгеннен кейін толтырылады.

Тестілеу сәтінде көңіл-күйі нашарлаған зерттелетін адам бұл туралы тестілеуді жүргізу басталғанға дейін полиграфологқа хабарлайды және ол туралы декларацияда көрсетеді. Бұл жағдайда осындай адамдарды тестілеу осы күн ішінде басқа уақытта не басқа күні жүргізіледі, бұл ретте көңіл-күйінің нашарлау себебі бойынша тестілеуді ауыстыруға он күнтізбелік күн ішінде кемінде екі рет жол беріледі.

Сонымен қатар, зерттелетін адамды:

1) жүрек-қантамыры немесе тыныс алу қызметінің бұзылуына байланысты сырқаты күрт ушыққан жағдайда (зерттелетін адам тиісті медициналық қорытынды ұсынады);

2) зерттелетін адам алкогольге немесе есірткіге мас күйде болса немесе уланудың қалдық құбылыстары болса;

3) жүктілігі туралы деректер болса тестілеуге жол берілмейді.

126. Зерттеу жүргізген кезде оны аудио және бейнеге жазып алу жүзеге асырылады, ол туралы зерттелетін адамға хабарланады.

127. Зерттелетін адамды үздіксіз тестілеудің ұзақтығы 120 минуттан аспауы тиіс. Жүктемені азайту үшін тестілеу барысында зерттелетін адамға ұзақтығы 15 минутқа дейінгі демалыс беріледі.

Бұл ретте, зерттеу жүргізген кезде бір полиграфологқа арналған жұмыс жүктемесі күніне екі адамнан аспауы тиіс.

128. Зерттеуден өту нәтижелері бойынша зерттелетін адамның қойған сұрақтарға берген жауаптарының дұрыстығы туралы тұжырымы бар қорытынды жасалады.

Қорытындыға жүргізілген зерттеулердің мәнін барынша анықтайтын қосымша мәліметтер жазылуы мүмкін.

129. Зерттеу барысында алынған ақпарат ықтималдық, ұсынымдық сипатқа, сондай-ақ қосалқы мәнге ие болады, кадр бөліністерінің қызметкерлері және білім беру мекемелерінің қабылдау комиссиялары, аттестаттау комиссиялары және өзіндік қауіпсіздік қызметтері (бұдан әрі – мүдделі бөліністер) қызметке, білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы мәселені шешкен кезде пайдаланады.

130. Дайындалып жатқан, жасалып отырған немесе жасалған құқық бұзушылықтарға зерттелетін адамның қатыстылығы туралы ақпарат зерттеу барысында анықталған кезде полиграфолог оны мүдделі бөліністердің бастықтарына (басшыларына) жеткізеді және ол заңнамада белгіленген тәртіппен тексеріледі.

131. Полиграфологиялық зерттеу нәтижелері бойынша қорытындыны осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша полиграфолог үш жұмыс күні ішінде дайындайды, содан кейін осы Қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес кадр қызметтерінің инспекторларына Полиграфологиялық зерттеулер қорытындыларын беру журналына қол қойдырып беріледі. Қорытындының жарамдылық мерзімі - 12 ай.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132. Зерттеу материалдары қызмет бабында пайдалануға арналған құжаттарға жатқызылады.

133. Зерттеу материалдары (зерттеудің нәтижелері туралы қорытынды, полиграмм түрінде принтерден басып шығарылған психофизиологиялық

реакциялар, аудио және бейне материалдар, сұрақнамалар және басқа да құжаттар) зерттеуге жолдаған бөліністің мұрағатында:

1) қызметке, білім беру ұйымдарына оқуға түскен және қабылданбаған азаматтарға қатысты бес жыл бойы;

2) қатардағы және басшы құрамның адамдарына қатысты жиырма бес жыл бойы сақталады.

134. Зерттеудің нәтижелерін жария еткені және бұрмалағаны үшін полиграфолог және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мүдделі бөліністерінің бастықтары (басшылары) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

## 4-тарау. Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, ішкі істер органдары білім беру ұйымдарының тыңдаушылары мен курсанттарының, ішкі істер органдарында қызмет өткерген азаматтардың ауруларының, мертігулерінің (жаралануының, контузияларының, жарақаттарының) ішкі істер органдарында қызмет өткеру кезеңімен (әскери қызметтің міндеттерімен) себепті байланысын анықтау

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Себепті байланыс – бұл қатардағы және басшы құрамдағы адамның, Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының тыңдаушылары мен курсанттарының немесе ішкі істер органдарында қызмет өткерген азаматтардың ауруының және мертігуінің уақытын және мән-жайын айқындайтын, оны штаттық әскери-дәрігерлік комиссия белгілейтін, сондай-ақ әлеуметтік көмектің түрлерін көрсету үшін медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы (бұдан әрі – МӘСК) белгілейтін мүгедектік салдарынан болған себепті айқындайтын сараптамалық санат.

136. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының тыңдаушылары мен курсанттарының немесе Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында қызмет өткерген азаматтардың ауруларының, мертігулерінің себепті байланысы айқындалады.

137. Ішкі істер органдарында қызмет өткеру кезеңінде азамат ауру, қызмет өткерген (қызметтік міндеттерін атқару) кезеңінде алынған мертігу бойынша емдеуде болған және ӘДК-ға медициналық куәландыруға жолданбаған, азаматта соғыс қимылдарына қатысқан кезеңде алынған дене жарақаттарының анық

салдары болған, сондай-ақ ішкі істер органдарында қызмет өткеру кезеңінде азамат ауру, қызмет өткерген (қызметтік міндеттерін атқару) кезеңінде не ішкі істер органдарындағы жұмыс орнынан босатылғаннан кейін бір жыл өткенге дейін алынған мертігу салдарынан азаматтың мүгедектігі белгіленген немесе ол қайтыс болған жағдайларда аурудың, мертігудің себепті байланысын Қазақстан Республикасы ІІМ ОӘДК анықтайды.

138. Медициналық куәландыру барысында сараптамалық диагноз қойылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға, Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының курсанттары мен тыңдаушыларына және әскери жиынға шақырылған адамдарға ӘДК осындай адамдар тергеуде болған жағдайларды қоспағанда, осындай адамдар алған аурулардың, мертігулердің себепті байланысын міндетті тәртіппен анықтайды.

139. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 Қазақстан Республикасының Заңына, осы саладағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік актілеріне, сондай-ақ "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1999 жылғы 16 қарашадағы № 480-І Қазақстан Республикасының Заңына және "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Қазақстан Республикасының Заңына, осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы ІІМ ОӘДК бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға, Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының курсанттары мен тыңдаушыларына және әскери жиынға шақырылған адамдарға олардың өтініштері, ішкі істер органдары кадр қызметтерінің, әскери бөлімдер командирлерінің, ҚІД, ҚІБ, ҚІб және халықты әлеуметтік қорғау органдарының қолдаухаттары бойынша, өтініш иесі, санамаланған органдар ұсынған не бұрынғы КСРО-ның Мемлекеттік мұрағаттарынан табылған, көрсетілген кезеңдегі аурулар, мертігу фактісін растайтын әскери-есептік және медициналық сараптама құжаттары бойынша мертігудің себепті байланысын анықтайды.

140. Қызмет өткергенін, Ұлы Отан соғысының майдандарында сол кездегі армияда болғанын, басқа да қарулы қақтығыстарға, жауынгерлік операцияларға қатысқанын, сондай-ақ мертігу (жаралану, контузия, жарақаттану) және ауру фактісін растайтын мұрағаттық құжаттарды іздеуді ішкі істер органдары арнайы мемлекеттік мұрағатының бөліністері және жергілікті әскери басқармалардың органдары жүргізеді.

141. Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына немесе ішкі істер органдарында қызмет өткерген азаматтарға мертігудің себепті байланысын анықтау туралы ӘДК қорытындысы мертігу (жаралану, контузия, жарақаттану) мән-жайлары туралы актінің немесе қызметтік тексеру материалдарының негізінде шығарылады.

142. Мертігуді алудың мән-жайлары туралы актіні азамат қызметін өткерген ішкі істер органдарының кадр қызметтері береді және акт мертіккен сәттен бастап бір айдан кешіктірмей ресімделеді, басқа жағдайларда қызметтік тексеру жүргізіледі және ресімделеді.

143. Мертігуді алудың мән-жайлары туралы актіде мертігуді алудың мән-жайлары және ішкі істер органдарында қызметтік міндеттерін атқарумен байланысы көрсетіледі.

144. Ішкі істер органдарының ӘДК-сы мертігуді алудың мән-жайлары туралы актіні және мертігуді алудың мән-жайлары көрсетілген растау құжаттарын және басқаларын қарау негізінде мертігудің себепті байлынысы туралы ӘДК қорытындысын шығарады.

145. Ауру, мертігу туралы жаңадан ашылған мән-жайлар және олардың ішкі істер органдарында қызмет өткеру (қызметтік міндеттерді орындау) кезеңімен байланысы болған кезде аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы сырттай (құжаттар бойынша) қайта қаралады.

Штаттық және штаттан тыс ӘДК-лардың аурулардың, мертігулердің, қаза табудың (қайтыс болудың) себепті байланысы туралы қорытындылары бір данада, қолдану мерзімі шектелмей бір рет беріледі.

146. Аурулардың, мертігулердің себепті байланысын анықтау азаматтардың, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөліністерінің, зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыратын органдардың, ішкі істер органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеі, басқа әскерлері мен әскери құралымдары кадр қызметтерінің өтініші негізінде жүргізіледі.

147. Ауру туралы куәлікте, анықтамда немесе басқа да медициналық құжаттарда аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы болмаған кезде, көрсетілген құжаттар дұрыс ресімделмеген, азамат аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК-ның қорытындысымен келіспеген кезде, сондай-ақ ішкі істер органдарында қызмет өткергенін куәландыратын құжаттарда ішкі істер органдарындағы қызметтен "ауру бойынша" немесе " денсаулық жағдайы бойынша" босатылғаны туралы жазулар болған кезде құжаттар Қазақстан Республикасы ІІМ ОӘДК-сына карауға жолданады.

148. Құжаттарды қарау нәтижелері және ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сының аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы қорытындысы ӘДК

отырысының хаттамасымен ресімделеді және сараптамалық қорытынды шығарылады.

149. Ішкі істер органдарында қызмет өткерген азаматтың құжаттарында аурудың диагнозы көрсетілмеген жағдайда, бірақ медициналық куәландырудан өткен сәтте қолданыста болған талаптардың (аурулар кестесінің) тармағы көрсетілген жағдайда ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сы аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы өзінің қорытындысында талаптардың ( аурулар кестесінің) көрсетілген тармағында көзделген аурулардың атауларын көрсетеді.

150. Егер ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың немесе ішкі істер органдарында қызмет өткерген азаматтардың әртүрлі жағдайларда пайда болған (алған) бірнеше аурулары, мертігулері немесе олардың салдары анықталса, себепті байланыс туралы ӘДК қорытындысы бөлек шығарылады.

151. Құжатта себепті байланыс туралы ӘДК қорытындысының бұрын шығарылған аурудың, мертігудің диагнозы нақты көрсетілмесе, ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сы тұжырымын өзгертпей, алғашқы диагнозды көрсетеді, одан кейін аурудың, мертігудің нақтыланған диагнозын көрсетеді және ол бойынша себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығарады.

152. Азаматтың медициналық куәландыру нәтижелері туралы құжаттары болмаған немесе оған медициналық куәландыру жүргізілмеген кезде аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығару үшін негіздеме ауру тарихындағы, медициналық кітапшадағы, медициналық анықтамадағы, мұрағат анықтамасындағы жазбалар болып табылады.

153. Егер оларға қатысты себепті байланыс анықталып жатқан адамдардың медициналық құжаттарында аурудың жекелеген симптомдары ғана көрсетілсе, онда ӘДК осы аурудың себепті байлынысы мәселесін шешуге құқылы.

154. Бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдарында, әскери қызметшілерде осы Қағидалардың 164-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда алған дене жарақатының айқын көрінетін зардаптары ( аяқ-қолының болмауы, сүйек кемістігі, жарақаттан кейінгі көлемді тыртықтар, бөгде денелердің болуы) бар болған кезде, егер көрсетілген оқиғаларға жататын кезеңдерде дене жарақатын алудың жанама фактісінің болуын растайтын әскери-есептік және медициналық құжаттар ұсынылған болса, ӘДК-ға құжаттарды жіберген кадр қызметтері, ҚІД, ҚІБ, ҚІб не оларды қарастырушы ӘДК жарақаттану сипатын, ескілігін және дәл орнын анықтау үшін сот-медициналық сараптаманың куәландыруына жібереді.

Қазақстан Республикасы ІІМ ОӘДК ерекше жағдайларда айқын көрінетін дене жарақаттарының сипаты мен ескілігін анықтау үшін комиссиялық тексеру

жүргізеді, деректер хаттамаға енгізіледі және оған оны жүргізген адамдар қол қояды.

155. Басындағы, мойнындағы жарақатты немесе бір уақытта алған кез келген жердегі көптеген жарқыншақ жарақаттарды көрсететін деректер бар болған кезде ӘДК бір уақытта бар контузия бойынша қорытынды шығарады.

156. Куәгерлік айғақтар бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда ауырған аурулары немесе контузиялары фактісін анықтау үшін негіз бола алмайды.

Куәгерлік айғақтар ішкі істер органы бастығының, әскери бөлім командирінің нұсқауымен мертігу фактісі бойынша қызметтік тергеу жүргізілген кезде ғана ескерілуі мүмкін.

157. Егер ӘДК қараған құжаттарда аурудың, мертігудің (жараланудың, контузияның, жарақаттанудың) себепті байланысы туралы қаулы шығару үшін қажетті мәліметтер болмаса, тиісті мекемелер мен мұрағаттардан әскери-есептік, медициналық сараптама құжаттары қосымша сұратылады.

158. Аурулардың, мертігулердің (контузиялардың, жарақаттанулардың, жаралануладың) себепті байланысын анықтау үшін осы Қағидалардың 139-тармағында санамаланған адамдарға ОӘДК-да мынадай құжаттар карауға жатады:

1) іс жүзінде әскери қызметті өткеру кезеңінде немесе Қарулы Күштерден босатылу кезінде ӘДК-ның куәландыру нәтижелері туралы деректері бар әскери-есептік құжаттар (әскери билет, қызыл армия кітапшасы, әскери міндеттен босату туралы куәлік, тіркеу куәлігі, емделуге кету туралы бұйрықтан үзінді және т.б.);

2) мертігу (жаралану, контузия, жарақаттану) және ауру фактісін растайтын әскери-медициналық құжаттар (ауру туралы куәлік, мертігу туралы анықтама, мертігу мән-жайлары туралы акт, әскери-емдеу мекемелердегі емделу фактісі және нәтижелері туралы мұрағаттардың анықтамалары);

3) Қарулы Күштерде қызмет өткергенін, емделуде болғанын, әскери-дәрігерлік комиссия куәландыруын тікелей немесе жанама растайтын басқа да құжаттар;

4) мертігу (жаралану, контузия, жарақаттану) және ауру фактісін жанама растайтын құжаттар (бөлім бойынша бұйрықтардан үзінділер, жауынгерлік, қызметтік, партиялық мінездемелердің, аттестаттаулардың, наградтау парақтарының, сот материалдарының көшірмелері);

5) өтініш білдірген уақыты мен себептерін көрсете отырып, әскери қызметшінің, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының медициналық көмек көрсетуге өтініш білдіргенін растайтын әскери және азаматтық емдеу мекемелерінің құжаттары;

6) МӘС бөлімінде осы уақыттағы және мұрағаттық куәландыру материалдары;

7) арнайы тексерістердің материалдары бойынша мертігу (жаралану, контузия, жарақаттану) туралы деректер.

Ескерту. 158-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

159. ОӘДК құжаттарды қарап, әрбір нақты жағдайда:

1) мертігу (жаралану, контузия, жарақаттану) мен аурудың себепті байланысы туралы қаулыны ресімдеу;

2) қосымша материалдар сұрату;

3) ҚІД, ҚІБ, ҚІб медициналық комиссиясында медициналық тексеру, сот-медициналық сараптама, куәландыру жүргізу;

4) мәселенің мәні бойынша түсіндірме беру;

5) тиесілігі бойынша құжаттарды жіберу туралы шешім қабылдайды.

160. Жараланудың, контузияның, жарақаттанудың, мертігудің және аурудың себепті байланысын жан-жақты негіздей отырып, құжаттарды қарау нәтижелері әскери-дәрігерлік комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді, сырттай қорытындылар кітабына енгізіледі, комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері қол қояды және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

161. Әскери-есептік құжаттардан басқа ӘДК қаулысын негіздеуде пайдаланылған құжаттар мұрағатта сақтауға жатады.

162. МӘС бөлімі үшін қаулы қабылданған шешімді негіздейтін құжаттар көрсетіліп, себепті байланысты анықтаған ӘДК-нің бланкісінде нысан бойынша жалғыз данада ресімделеді, ӘДК бастығы қол қояды, ал ол болмаған жағдайда олардың орынбасары қол қояды, ол елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

Қаулы аталған адамға мүгедектікті белгілейтін МӘС бөліміне жіберіледі ( беріледі). ӘДК-ға қарау үшін құжаттарын жолдаған органдар мен азаматтарға ( халықты әлеуметтік қорғау органдарын қоспағанда) нақты МӘС бөліміне қаулы жолданғаны туралы хабардар етіледі, оларға әскери-есептік құжаттар қайтарылады.

Ескерту. 162-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

163. Аурулар болған кезде ӘДК мынадай редакцияда себепті байланыс туралы қаулы қабылдайды:

1) "Ауру құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезінде алынған" деген қаулы, егер ол куәландырылатын адамда ішкі істер органдарында әскери қызмет өткеру кезеңінде туындаса немесе көрсетілген кезеңде ішкі істер

органдарындағы әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертетін ауырлық дәрежесіне жеткен болса, сондай-ақ әскери қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде диагнозы қойылған созылмалы баяу үдемелі науқастанулар кезінде, науқастанудың басталуын ішкі істер органдарындағы әскери қызмет өткеру кезеңіне жатқызса, аурудың басталуын көрсетілген кезеңге жатқызуға мүмкіндік беретін медициналық құжаттар болған кезде ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына немесе ішкі істер органдарында әскери қызмет өткерген азаматтарға шығарылады;

2) "Ауру құқық қорғау органдарында қызметтік міндеттерін орындау кезінде алынған" деген қаулы, егер ол аса қауіпті инфекцияның эпидемиялық ошағында қызметтік міндеттерін орындағанда жұқтырып алынса, сондай-ақ қызметкерлер туберкулезбен, АИТВ-инфекциясымен ауырған жағдайда, қылмыстық-атқару жүйесінің медициналық мекемелерінде тікелей істейтін не болмаса арнайы вагондармен этаппен алып жүретін және сотталған науқастармен тікелей қатынастағы қызметшілерге шығарылады;

3) "Ауғанстанда немесе жауынгерлік іс-қимылдар жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызмет өткерумен байланысты ауру" деген қаулы; егер қатардағы және басшы құрамдағы адамдар және бұрынғы КСР Одағы үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағында жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан әскери қызметшілер, оқу жиындарына шақырылған және жауынгерлік іс-қимылдар жүргізіліп жатқан кезінде басқа мемлекеттерге жіберілген (зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын жеңілдікті есептеген жағдайда – қызметтің 1 айы 3 айға), бұрынғы КСР Одағының республикаларында бейбітшілік пен құқық тәртібін орнату бойынша аралас күштердің құрамында, бірақ 1992 жылғы 4 шілдеден ерте емес уақытта болып ауырған болса, шығарылады.

Аталған қаулы егер аурудың басталуын көрсетілген оқиғаларға қатысу кезеңіне жатқызуға мүмкіндік беретін медициналық құжат болған кезде жоғарыда санамаланған адамдарға жауынгерлік іс-қимылдар жүргізіліп жатқан шет мемлекеттердің аумағынан кеткеннен кейін алғашқы 5 жыл ішінде белгіленіп, созылмалы, ақырын асқынған аурулар болған кезде шығарылады.

4) "Майданда болуына байланысты ауру" - егер ауру куәландырылатын адамның азаматтық және Ұлы отан соғыстарының жылдары әрекет ететін армияның құрамында, 1929 жылы Қытай-Шығыс темір жолында, 1938 жылы Хасан көліндегі және 1939 жылы Халхин-Гол өзеніндегі ұрыстарда, 1939 жылы Батыс Беларусьтағы және Батыс Украинадағы жауынгерлік іс-қимылдар кезеңінде, 1939-1940 жылдарғы совет-финляндия соғысы кезінде, Жапониямен соғыс кезінде, сондай-ақ 1944 жылғы 12 қаңтардан бастап 1951 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия

КСР, Эстон КСР аумақтарында майданда болған халықты қорғайтын жойғыш батальондар, взводтар мен отрядтар құрамында әскери операцияларда (соғысқа қатысушының куәлігі болған кезде), екінші әлемдік соғыс жылдары партизан отрядтарының, жасырын топтардың және басқа фашизмге қарсы құралымдардың құрамында фашистік Германияға және оның одақтастарына қарсы әскери іс-қимылдарда, тұтқында болған кезінде (егер тұтқындау ерікті болмағаны және әскери қызметші тұтқында болғанда Отанына қарсы қылмыс жасамағаны дәлелденсе), сондай-ақ егер көрсетілген оқиғаларға дейін болған ауру оларға қатысқан кезде ауырлаған деңгейге жетіп, әскери қызметке, ішкі істер органдарындағы, ҰҚК-дағы қызметке жарамдылығы санатын өзгертсе (оның ішінде уақытша), сондай-ақ егер аурудың басталуын аталған оқиғаларға қатысу кезеңіне жатқызуға мүмкіндік беретін медициналық құжаттар болса созылмалы, баяу асқынатын аурулар болса;

5) "Құқық қорғау органдарында қызметтік міндеттерге байланысты емес аурулар" деген қаулы егер ол куәландырылатын адамда ішкі істер органына қызметке кіргенге дейін және ішкі істер органында қызмет өткеру кезеңіне дейін куәландырылатын адамның ішкі істер органындағы қызметке жарамдылық санатын өзгерту дәрежесіне жетпесе шығарылады.

Ескерту. 163-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

164. Мертігулер (контузиялар, жаралану, жарақаттар) кезінде әскери-дәргерлік комиссиялар себепті байланыс туралы қаулыны мынадай редакцияда қабылдайды:

1. "Қызметтік міндеттерді (әскери қызметтің міндеттерін) атқару кезіндегі мертігулер (контузиялар, жаралану, жарақаттар)" деген қаулы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына немесе ішкі істер органдарында қызмет өткерген азаматтарға, егер ол куәландыратын адамда қызметтік міндеттерді атқару кезінде, сондай-ақ радиактивті заттардың әсерлері, иондаушы сәулелендірудің, ракетаның жанар-жағармайлары және өзге де жоғары уландырғыш заттар, электромагниттік өрістер және оптикалық кванттық генераторлар көздерінің әсеріне байланысты зақымдаулардың нәтижесінде болса шығарылады.

Осындай қаулы куәландырылатын адам мынадай жағдайларда мертігулер ( контузиялар, жаралану, жарақаттар) алғанда қабылданады:

1) мемлекеттің меншігін күзету, қоғамдық құқықтық тәртіпті, әскери тәртіпті қолдау және сақтау, адам өмірін құтқару бойынша борышын өтеу кезінде;

2) егер зардап шегуші лауазымдық нұсқаулықтың, Қарулы Күштердің жалпы әскери жарғысының, бұйрықтар және директивалардың, тәлімгерлік пен

басшылықтың, нұсқаулардың және басқа да басшылық алынатын құжаттардың талаптарын бұзбаса, қызметке келу немесе қызметтен қайту жолында, іссапарға бару кезінде, іссапар уақытындағы қызметтік сапарларда және қызмет орнына қайту кезінде;

3) егер зардап шегуші лауазымдық нұсқаулықтың, Қарулы Күштердің жалпы әскери жарғысының, бұйрықтар және директивалардың, тәлімгерлік пен басшылықтың, нұсқаулардың және басқа да басшылық алынатын құжаттардың талаптарын бұзбаса ішкі істер органының, әскери бөлімнің аумағында немесе жұмыстың, әскери қызметтің өзге орнында, белгіленген үзілісті қоса алғанда, жұмыс (оқу) уақыты ішінде сабақта;

4) егер сол жерде болуы қатардағы және басшылық құрам адамының, әскери қызметшінің күн міндеттеріне және тәртібіне немесе ол ішкі істер органы басшысының, тиісті командирдің (бастықтың) бұйрығымен жіберілген болса, ішкі істер органының, әскери бөлімнің аумағынан тыс жерде;

5) осы тапсырмалар қызметпен байланысты болмаса да, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау кезінде, сондай-ақ арнайы тапсырмаларды орындау кезінде;

6) интернационалдық борышты орындау кезінде;

7) донорлық функцияларды орындауға байланысты.

2. "Қызметтік міндеттерді атқару кезіне байланысты емес, жазатайым жағдай нәтижесінде мертігулер (контузиялар, жаралану, жарақаттар)" деген қаулы, егер ол қызметтік міндеттерді атқаруға байланысты емес мән-жайлар кезінде алынса, сондай-ақ егер ол алкогольдік, уландырғыш, есірткіге мастану күйінде, құқық бұзушылық жасау салдарынан алынса немесе қызметтік, әкімшілік, қылмыстық тергеу нәтижесінде оларға қасақана зиян келтірілсе, көрсетілген адам қылмыстық жауапкершілікке тартылмаса немесе оған қатысты қылмыстық іс тоқтатылса, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына немесе ішкі істер органдарында қызмет өткерген азаматтарға шығарылады.

3. "Бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде мертігу алу кезінде" - егер оны куәландырылатын адам азаматтық және Ұлы Отан соғыстары жылдары әрекет ететін армияның құрамында, 1929 жылы Қытай-Шығыс темір жолында, 1938 жылы Хасан көліндегі және 1939 жылы Халхин-Гол өзеніндегі ұрыстарда, 1939 жылы Батыс Беларусьтағы және Батыс Украинадағы жауынгерлік іс-қимылдар кезеңінде, 1939-1940 жылдарғы совет-финляндия соғысы кезінде, Жапониямен соғыс кезінде, сондай-ақ 1944 жылғы 12 қаңтардан бастап 1951 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия КСР, Эстон КСР аумақтарында майданда болған халықты қорғайтын жойғыш батальондар, взводтар мен отрядтар құрамында әскери операцияларда (соғысқа қатысушының куәлігі болған кезде), екінші дүниежүзілік соғыс жылдары

партизан отрядтарының, жасырын топтардың және басқа фашизмге қарсы құралымдардың құрамында фашистік Германияға және оның одақтастарына қарсы әскери іс-қимылдарда, тұтқында болған кезінде (егер тұтқындау ерікті болмағаны және әскери қызметші тұтқында болғанда Отанына қарсы қылмыс жасамағаны дәлелденсе), сондай-ақ бейбіт уақытта мемлекеттік шекараны күзету кезінде шығарылады.

4. "Құқық қорғау органдарындағы қызметке байланысты емес мертігулер" - егер оны қатардағы және басшы құрамның адамы, ішкі істер органдарына қызметке түскенге дейін әскери жиынға шақырылған азаматтарға шығарылады.

165. ӘДК қорытындысы:

"Бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде алынған мертігу (жарақаттану, жаралану, контузия);

"Әскери қызметтік міндеттерді атқару кезінде алынған мертігу (жарақаттану, жаралану, контузия);

"Майданда болуға байланысты аурулар";

"Әскери қызметті соғыс жүріп жатқан Ауғаныстанда немесе басқа мемлекетерде өткізіп соған байланысты науқастанғандар";

"Әскери қызметті жауынгерлік іс-қимылдар жүріп жатқан Ауғанстанда немесе басқа мемлекеттерде әскери қызметтің міндеттерін орындау кезінде алған мертігу (жарақаттар, жаралану, контузия)" деген қаулы мәртбесі "Ұлы Отан соғысы мүгедектері және оларға теңестірілгендерді әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы" 1995 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге және азаматтарға шығарылады".

Мертігу деп – еңбекке жарамдылықты немесе әскери қызметті атқару мүмкіндігінен жартылай немесе толық жоғалтуға әкелетін механикалық, химиялық (техникалық сұйықтықтармен, зымырандық отын компоненттерімен, газдармен, түтінмен, булармен және улы заттармен улану), термикалық, атмосфералық (қату, қалтырау, үсу), арнайы (электрлік, радиоактивті және иондаушы сәулелендіру, электрмагниттік өріс, оптикалық кванттық генераторлар әсері, лазерлер және радиотолқындар), барометрлік және акустикалық факторлар әсерінен тіндердің, органдардың және жүйелердің бұзылуы түсініледі.

166. Егер қызметтік міндеттерін (әскери қызметтің міндеттерін) атқару кезінде мертігу (жаралану, контузия, жарақаттану) алған қатардағы және басшы құрамның адамына, әскери жиыннан өтіп жатқан әскери қызметшіге, азаматқа амбулаторлық немесе стационарлық емдеуден кейін денсаулықтың зақымдану ауырлығының дәрежесі туралы анықтама берілмесе ӘДК көрсетілген адамдардың өтініші, сақтандыру органдарының, ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы ҰҰ, ҚІД, ҚІБ, ҚІб бөліністерінің және басқалардың кадр

қызметтерінің қолдаухаттары бойынша мертігу (жаралану, контузия, жарақаттану) ауырлығының дәрежесі туралы қаулыны осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘДК отырысының хаттамасын толтырады.

Осы жағдайда қаулы мертігу (жаралану, контузия, жарақаттану) алу фактісін және мән-жайларын растайтын амбулаторлық науқастың медициналық картасында (медициналық кітапшасында), стационарлық науқастың медициналық картасында, басқа да сараптамалық құжаттарда, ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы ҰҰ бөліністері қызметкерлерінің жеке істерінен алынған актілерде және анықтамаларда тиісті жазбалар болған кезде шығарылады.

Қаулы емдеу мекемелерін және олардың әрқайсысында емделу мерзімдерін көрсете отырып, осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мертігудің ауырлық дәрежесі туралы анықтамамен ресімделеді. Анықтаманың нөмірі мен беру күні отырыс хаттамасындағы нөмірге және күніне сай келуі тиіс.

167. Қатардағы және басшы құрам адамының, әскери қызметшінің қайтыс болуына әкеп соққан аурудың, мертігудің (жараланудың, контузияның, жарақаттанудың) себепті байланысы туралы қаулы шығарар алдында ӘДК мынадай материалдарды зерделейді: ведомстволық медициналық және әскери-медициналық мекемелердің, басқа министрліктер мен ведомстволардың медициналық мекемелерінің медициналық құжаттары, қызмет кезеңіне медициналық куәландырудың деректері, мертігу (жаралану, контузия, жарақаттану) алудың мән-жайлары туралы ішкі істер органдарының және Қазақстан Республикасы ҰҰ қызметтік тергеулерінің материалдары, сот-медициналық (патологоанатомиялық) зерттеу хаттамалары, қайтыс болғаны туралы куәлік, жеке құрамнің тізімінен алып шығару туралы ішкі істер органының (әскери бөлімнің) бұйрығының көшірмесі.

168. Қызмет мерзімі кезеңінде не қызметтен босатылғаннан кейін 1 жыл ішінде қатардағы және басшы құрам адамының, әскери қызметшінің қайтыс болуына әкеп соққан аурудың, мертігудің (жараланудың, контузияның, жарақаттанудың) себепті байланысы туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қаулысы сырттай қаулы шығару кітабында ӘДК отырысы хаттамасының нысаны бойынша ресімделеді, комиссия төрағасы және мүшелері қол қояды және елтаңбалы мөр қойылады.

Олардың негізінде аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы қаулы шығарылған барлық құжаттар мен әскери-есептік құжаттардың көшірмелері сырттай куәландыру жүргізген ӘДК істерінде сақталады.

Қаулы бір данада комиссияның бланксінде басылады, оған бастық, ал ол болмаған жағдайда орынбасары қол қояды, елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

Себепті байланысты анықтау туралы өтінішті жолдаған органға қаулы жолданады (жіберіледі).

169. Қатардағы және басшы құрам адамының, әскери қызметшінің қайтыс болуына әкеп соққан аурудың, мертігудің (жараланудың, контузияның, жарақаттанудың) себепті байланысын штаттық ӘДК ішкі істер органы бастығының, әскери бөлім командирінің, ішкі істер органы (Қазақстан Республикасы ҮҰ) кадр қызметінің, ҚІД, ҚІБ, ҚІб, прокуратура органдарының өтініші бойынша анықтайды.

170. Қатардағы және басшы құрам адамының, әскери қызметшінің қайтыс болуына әкеп соққан аурудың, мертігудің (жараланудың, контузияның, жарақаттанудың) себепті байланысы туралы қаулы мынадай редакцияда шығарылады:

1) "Қызметтік міндеттерін атқару кезінде қазаға (қайтыс болуға) әкеп соққан мертігу" егер қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған мертігу салдарынан немесе жұмыстан шыққаннан кейін бір жыл ішінде қаза (қайтыс) болса ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының адамдарына немесе ішкі істер органдарында қызмет өткерген азаматтарға шығарылады;

2) "Қызметтік міндеттерін атқару кезінде қазаға (қайтыс болуға) әкеп соққан ауру" - қызметкерді, әскери қызметшіні қызмет мерзімінде немесе жұмыстан шыққаннан кейін бір жыл ішінде өлімге әкеп соқтырған ауру осы Қағидалардың 163-тармағының 2) тармақшасымен көзделген жағдайларда алынған болса;

3) "Құқық қорғау органдарында қызмет өткерген кезеңде қазаға (қайтыс болуға) әкеп соққан ауру" егер ішкі істер органдарында қызмет өткерген кезеңде шалдыққан аурудың салдарынан немесе босатылғаннан кейін бір жыл ішінде қаза (қайтыс) болса, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға немесе ішкі істер органдарында қызмет өткерген азаматтарға шығарылады;

Осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген қорытындылар қайтыс болу себебі (қайтыс болғаны туралы куәлікке сәйкес) мен әскери қызметтің міндеттерін орындау нәтижесінде алынған мертігу арасында тікелей себеп-салдарлы байланыс болған кезде шығарылады.

4) "Чернобыль АЭС-тегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы және ядролық сынақ объектілеріндегі басқа да радиациалық апаттар мен авариялардың әсеріне байланысты қазаға (қайтыс болуға) әкеп соққан ауру ( мертігу)" егер, ішкі істер органдарында қызмет өркерген кезеңде шалдыққан ауру (мертігу) салдарынан немесе жұмыстан шыққаннан кейін бір жыл ішінде қаза (қайтыс) болса, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына немесе ішкі істер органдарында қызмет өткерген азаматтарға шығарылады.

Қорытынды қайтыс болу себебі (қайтыс болғаны туралы куәлікке сәйкес) мен Чернобыль АЭС-тегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы және ядролық сынақ объектілеріндегі басқа да радиациалық апаттар мен авариялардың әсеріне байланысты ауру, мертігу арасында тікелей себеп-салдарлы байланыс болған кезде шығарылады.

Ескерту. 170-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 5-тарау. Радиациялық әсерлерден зардап шеккен қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда, әскери қызметшілерде, бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда және әскери қызметшілерде аурулар мен мертігулердің себеп салдарлы байланысын айқындау тәртібі

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

171. Атомдық объектілердегі радиациялық апаттарға және олардың зардаптарына, сынақтарға, оқу-жаттығуларға және ядролық қару мен ғарыштық техниканы қоса алғанда, ядролық қондырғылардың кез келген түріне байланысты өзге де жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ радиациялық авария ретінде сараланған басқа жағдайларда (бұдан әрі - радиациялық әсер) алынған мертігулер мен аурулардың себепті байланысы "Семей сынақ ядролық полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.

172. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Орталық әскери-дәргерлік комиссиясы, Қазақстан Республикасы ҰҰ ӘДК:

1) ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарында және Қазақстан Республикасы ІІМ әскери қызметшілерінде;

2) ішкі істер органдарының бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдарында және әскери қызметшілерінде;

3) ішкі әскерлердегі (Қазақстан Республикасы ҰҰ) арнайы жиындарға шақырылған және атомдық объектілердегі аварияларды және олардың зардаптарын жоюға байланысты жұмыстарға тартылған әскери міндеттілерде;

4) ішкі әскерлердегі (Қазақстан Республикасы ҰҰ) арнайы жиындарға бұрын шақырылған және атомдық объектілердегі аварияларды және олардың зардаптарын жоюға байланысты жұмыстарға бұрын тартылған әскери

міндеттілерде аурулардың радиациялық әсерлермен себепті байланысын айқындайды.

173. Радиациялық әсерден зардап шеккен қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды және әскери қызметшілерді мертігудің, аурудың себепті байланысын анықтау үшін медициналық тексеруге және куәландыруға ішкі істер органдарының кадр қызметі, әскери бөлім командирі (кадр органы), ал бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдар мен әскери қызметшілерді кадр қызметі, ҚІД, ҚІБ, ҚІб, халықты әлеуметтік қорғау органдары жібереді. Мертігудің, аурудың себепті байланысы қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың және әскеи қызметшілердің, оның ішінде бұрынғылардың өтініштері бойынша айқындалады.

174. Мертігудің, аурулардың радиациялық әсерлермен себепті байланысы туралы Қазақстан Республикасы ІІМ ОӘДК және Қазақстан Республикасы ҰҰ ӘДК қаулысы:

1) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда, әскери қызметшілер мен әскери міндеттілерде:

жеке куәлігі, әскери билеті;

амбулаторлық науқастың медициналық картасы, медициналық кітапшасы; стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінділер және амбулаторлық немесе стационарлық тексерудің деректері, диагнозы, қайталанудың жиілігі мен ұзақтығы көрсетілген ауру ағымының сипаты туралы мәліметтер;

радиоактивтік заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда (жоғарыда көрсетілген заңда белгіленген) орналасқан ішкі істер органдарында қызмет өткерудің, әскери бөлімдердегі нақты әскери қызметтің ұзақтығы көрсетілген кадр қызметі, әскери бөлім берген анықтамалар (актілер);

радиациялық авария ретінде сараланған жағдайларда қызметтік тергеудің материалдары;

иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыстың ұзақтығы мен мерзімдері, сәулелену мөлшері көрсетілген маманның еңбек жағдайының және жұмыс орнының санитарлық-гигиеналық сипаттамасының карталары;

2) бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда және әскери қызметшілерде, сондай-ақ бұрын арнайы жиындарға шақырылған әскери міндеттілерде:

әскери билеті, жеке ісі, зейнеткерлік ісі;

стационарлық, амбулаторлық науқастың медициналық карталарынан үзінділер;

радиоактивтік заттармен ластануға (мерзімін көрсете отырып) ұшыраған аумақтарда (жоғарыда көрсетілген заңда белгіленген) орналасқан ішкі істер органдарында қызмет өткеру, әскери бөлімдердегі нақты әскери қызмет (

жиындар) фактісін растайтын құжаттар, сондай-ақ радиациялық авария ретінде сараланған жағдайды растайтын құжаттар;

иондаушы сәулелендіру көздерімен еңбек жағдайы мен жұмыс мерзімдерінің санитарлық-гигиеналық сипаттамасының карталары негізінде қабылданады.

175. Азаматты мертігудің, аурудың себепті байланысын анықтау үшін жіберген жауапты адам ӘДК-ға оның радиациялық әсері бар жағдайларда қызмет өткергенін (жиында болғанын) растайтын анықтама ұсынады.

176. Ядролық апаттар нәтижесінде пайда болған, сондай-ақ қашықтағы радиоактивтік әсерлердің салдарына байланысты жіті және созылмалы аурулардың диагноздары Қазақстан Республикасы ІІМ Орталық госпиталінде және Қазақстан Республикасы Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің госпиталі жанындағы Чернобыль АЭС-тегі аварияның зардаптарын жоюшыларға арналған Республикалық оңалту орталығында стационарлық тексеруден өткеннен кейін ғана белгіленеді.

Ішкі істер органдары денсаулық сақтау мекемелерінің штаттарында радиолог-токсиколог дәрігер болмаған жағдайда Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь жанындағы Республикалық Орталық ведомствоаралық сарапшылар кеңесінің міндетті сараптамалық қорытындысы талап етіледі.

177. Қарастыруға жататын аурулардың тізбесі "Иондаушы сәулелендіру әсеріне байланысты аурулардың тізбесін және иондаушы сәулелендіру әсері бар аурулардың себептік байланысын анықтау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы № 34 қаулысымен айқындалған.

178. Санамаланған адамдар санаттарының мертігуінің, ауруларының себепті байланысы туралы қаулы мынадай редакцияда қабылданады:

1) "Төтенше экологиялық жағдайлар салдарынан шалдыққан ауру" деген қаулы егер ауру апаттың салдарынан туындаған қолайсыз факторларынан пайда болса, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына немесе ішкі істер органдарында қызмет өткерген және төтенше экологиялық жағдайлар зардаптарын, оның ішінде 1986-1990 жылдардағы Чернобыль АЭС-гі аварияны жою жөніндегі жұмыстарды орындауға тартылған азаматтарға шығарылады;

2) "Иондаушы сәулелендіру әсеріне байланысты ауру" деген қаулы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына немесе ішкі істер органдарында қызмет өткерген және 1949-1991 жылдары радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда ядролық қаруды сынауға қатысқан азаматтарға шығарылады.

179. Осы Қағидалардың 187-тармағының 1, 2) тармақшаларында көрсетілген азаматтар санаттарының ауруларының себепті байланысын анықтау кезінде ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген иондаушы сәулелендіру әсеріне байланысты аурулар тізбесін, ішкі істер органдарында (Қарулы Күштерде) қызмет (әскери қызмет) өткеру туралы Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы қорғаныс министрліктерінің архивтік деректерін басшылыққа алады.

Созылмалы баяу өршитін (жалпы соматикалық) аурулар кезінде егер аурудың басталуын көрсетілген кезеңде ішкі істер органдарындағы қызмет өткеру кезеңіне немесе олардың апат зардаптарын жоюға байланысты жұмыстарды тоқтатқаннан кейін бес жыл бойына жатқызуға болатын болса осы Қағидалардың 187-тармағының 1, 2) тармақшаларында көрсетілген ӘДК қорытындысы шығарылады.

180. Мертігулер мен аурулардың себепті байланысы туралы әскери-дәргерлік комиссияның қаулысы комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді, сырттай қорытындылар кітабына енгізіледі, комиссия төрағасы мен барлық мүшелері қол қояды және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

Олардың негізінде мертігудің, аурудың себепті байланысы туралы қаулы шығарылған барлық құжаттар мен әскери-есепке алу құжаттардың көшірмелері сырттай куәландыру жүргізген ӘДК-нің істерінде сақталады.

Қаулы комиссияның бланкісінде бір данада басылады, оған бастық, ал ол болмаған жағдайда орынбасары қол қояды, елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

Қаулы осы адамның мүгедектігін бекітетін МӘС бөліміне жолданады ( жіберіледі). Қарау үшін ӘДК-ға құжаттар жіберген органдар (халықты әлеуметтік қорғау органдарынан басқа) мен азаматтар қаулыны МӘС бөліміне жіберілгендігі туралы хабардар етіледі, оларға әскери-есепке алу құжаттары қайтарылады.

Ескерту. 180-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 6-тарау. Әскери-дәрігерлік комиссиялардың қорытындыларын ресімдеу

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша ӘДК мынадай қорытындылар шығарады:

181. Ішкі істер органындарына қызметке қабылданатын азаматтарға қатысты:

1) "_____________________________ ретінде қызметке жарамды".

(лауазым көрсетілсін)

2) "_____________________________ретінде қызметке жарамсыз".

(лауазым көрсетілсін)

3) "Ішкі істер органдарындағы қызметке жарамсыз" (қабылданушыда Ішкі істер органдарындағы талаптардың барлық бағандары бойынша қызметке кедергі келтіретін ауру, мертігу табылғанда шығарылады).

4) "Қорытынды медициналық куәләндыруға келмеуіне немесе тексерудің аяқталмауына байланысты шығарылмаған".

182. Білім беру ұйымдарына түсетін және оларда оқитын адамдарға қатысты:

1) "_______________________________ түсуге жарамды".

(оқу орнының және факультеттің атауы көрсетілсін)

2) "_______________________________ түсуге жарамсыз".

(оқу орнының және факультеттің атауы көрсетілсін)

3) "Кейіннен куәландыра отырып, тексеруге (емдеуге) жатады".

4) "_________________________________ оқуға жарамды".

(оқу орнының және факультеттің атауы көрсетілсін)

5) "__________________________________ оқуға жарамсыз".

(оқу орнының және факультеттің атауы көрсетілсін)

6) "Қорытынды медициналық куәләндыруға келмеуіне немесе тексерудің аяқталмауына байланысты шығарылмаған".

Оқуға жарамсыз деп танылған білім беру ұйымдарының курсанттары мен тыңдаушыларына қатысты, сонымен қатар 192-тармақтың 2 (курсанттар мен алғашқы оқу жылының тыңдаушыларынан басқа), 4, 5, 6, 7-тармақшалары бойынша әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытынды шығарылады.

Егер ондайлар болса және оларда даярланып жатқан мамандар Талаптардың әртүрлі бағандарына жататын болса.

183. Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына қатысты:

1) "____________ қызметке жарамды";

(лауазымы көрсетілсін).

2) "____________ қызметке жарамсыз";

(лауазымы көрсетілсін).

3) "Әскери қызметке жарамды";

4) "Әскери қызметке шектеулі жарамды";

5) "Кейіннен куәландыра отырып, тексеруге (емделуге) жатады";

6) "Қызметтік міндеттерін (оқу) атқарудан босатуға ____________ мерзімде мұқтаж";

7) "Ауруы бойынша демалысқа ____________ мерзімде мұқтаж";

(демалыс мерзімі көрсетілсін);

8) "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды";

9) "Әскери есептен шығарыла отырып, әскери қызметке жарамсыз.

Ескерту. 183-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

184. Әскери қызметшілерге, сондай-ақ әскери-оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларына қатысты қорытынды "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасын және әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығына және "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидаларын және Әскери-дәрігерлік, сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 118 бұйрығына сәйкес шығарылады.

185. Егер қатардағы және басшы құрамдағы адамдар, әскери қызметшілер әскери есептен шығарыла отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылса және денсаулық жағдайы бойынша жұмыстан шығуды ресімдеу кезеңінде қызметтік міндеттерін атқара алмаса ӘДК біруақытта "Жұмыстан шығуды ресімдеуге қажет, бірақ 30 тәуліктен аспайтын мерзімге қызметтік міндеттерін (әскери қызметтің міндеттерін) атқарудан босатуды қажет етеді" деген тұжырымда қорытынды шығарады.

186. Егер куәландырылатын адамда Талаптарда көзделмеген ауру болса, ӘДК куәландырылатын адамның ауруына және оның қызметке іс жүзінде жарамдылығына барынша сәйкес бап бойынша қорытынды шығарады.

Қорытынды бұл ретте "Талаптардың _____ бағанының ______ қосымшасына қолданылады" деген редакцияда шығарылады.

187. Қызметке жарамдылықты жеке бағалауды (Д-жеке) көздейтін Талаптардың қосымшалары бойынша куәландырылатын қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға ӘДК мынадай тұжырымдардың біреуі бойынша қорытынды шығарады:

1) "әскери қызметке шектеулі жарамды";

2) "бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды".

Қызметке жарамдылықты жеке бағалауды "В-жеке" көздейтін Талаптардың тармақтары бойынша куәландырылатын қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға ӘДК мынадай тұжырымдардың біреуі бойынша қорытынды шығарады:

1) "әскери қызметке шектеулі жарамды";

2) "әскери қызметке жарамды" не болмаса " ____ қызметке жарамды" лауазымы көрсетілсін.

Ескерту. 187-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

188. Әскери-дәргерлік комиссия осы Қағидалардың 3-параграфының

65, 66, 79, 80-тармақтарында баяндалған басқа да қорытындыларды шығарады.

## 7-тарау. Медициналық сараптамалық құжаттарды ресімдеу

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

189. Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу кезінде әскери-дәргерлік комиссияларда мынадай құжаттар пайдаланылады:

штаттық әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық куәландыру актісі:

1) ішкі істер органдарындағы қызметке қабылданатын адамдарға;

2) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға, сырттай оқу нысанында білім беру ұйымдарына; күндізгі оқу нысанында магистратураға, доктарантураға, Академиялық курстарға түсушілерге;

3) одан әрі қызметті, бөліністердегі және қызмет түрлеріндегі (нақты лауазымда, мамандық бойынша) қызметті өткеруге жарамдылығын анықтау кезінде қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға (оның ішінде сырттай куәландырылылатын адамдарға);

4) Қазақстан Республикасының қолайсыз климаттық жағдайлары бар жерлерінде денсаулық жағдайы бойынша және қолайсыз ыстық климатты шет елдерде қызмет өткеру (тұру) мүмкіндігін анықтау үшін жіберілген қатардағы және басшы құрамдағы адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне;

5) білім беру ұйымдарының тыңдаушылары мен курсанттарына, сондай-ақ академиялық демалыстан кейін куәландырылылатын адамға ресімделеді.

Штаттан тыс әскери-дәрігерлік комиссиялар медициналық куәландыру актісін толтырмайды, сарапшы-дәрігерлер зерттеу деректерін науқастың ( амбулаторлық) стационарлық медициналық картасына "ӘДК үшін" деген белгімен жазады.

Медициналық куәландыру актісінің паспорттық бөлігін барлық тармақтарды, Қарулы Күштердегі және ішкі істер органдарындағы қызмет мерзімдерінің басталу және аяқталу жылы мен айын көрсете отырып, куәландырылатын адам

өзі толтырады, оның қолымен расталады. Паспорттық бөлікті толтырудың дұрыстығын ӘДК-нің медициналық тіркеушісі тексереді; содан соң әскери қызметке, әскери шенге жарамдылық санатын, күні мен берген орнын белгілеу арқылы әскери билеттегі мәліметтердің толық деректері және қызметкердің қызметтік куәлігіндегі мәліметтер де енгізеді және ӘДК медициналық тіркеушісінің қолымен расталады.

Медициналық куәландыру актісінің медициналық бөлігінің барлық бөлімдерін ӘДК мүшелері – дәрігер сарапшы-мамандар толтырады. Толық клиникалық-сараптамалық анамнез, объективті зерттеулердің деректері, қосымша зерттеулердің нәтижелері жазылады. Хаттамалардың, пленкалардың түпнұсқалары және белгіленген диагнозды негіздейтін басқа құжаттар медициналық куәландыру актісіне қоса тігіледі.

Медициналық куәландыру актісіне нөмір беріледі, оның астына отырыс хаттамаларының кітабында ӘДК қорытындысы тіркеледі. Келісілмеген түзетулер мен тазартуларға жол берілмейді.

190. Қатардағы және басшы құрамның адамдарына және білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқуға түсетін азаматтарға медициналық куәландыру карталарын штаттық ӘДК ресімдейді.

Талаптардың қосымшалары бойынша жарамсыз деп танылған адамдардың ( оның ішінде білім беру ұйымынан қайтарылғандар) медициналық куәландыру карталары алдын ала медициналық куәландыру жүргізген ӘДК-де 3 жыл бойы сақталады және белгіленген тәртіпте жойылады. Медициналық куәландыру карталарын ресімдеу тәртібі 1-параграфта сипатталған. Келісілмеген түзетулер мен тазартуларға жол берілмейді.

191. "Әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хатамалар кітабын хатшы (әдетте медтіркеуші, ал ол болмаған жағдайда коммисияның кез-келген мүшесі) жүргізеді, барлық штаттық және штаттан тыс ӘДК-да:

1) ішкі істер органдарына қызметке түсушілер;

2) қатардағы және басшы құрамның адамдары, олардың отбасы мүшелері, білім беру ұйымдарының тыңдаушылары мен курсантары;

3) азаматтық жас, қатардағы және басшы құрамның адамдары және әскери қызметшілер қатарынан білім беру ұйымдарына түсетін адамдар;

4) әскери қызметке келісімшарт бойынша түсушілер, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері, әскери-оқу мекемелерінің курсантары мен тыңдаушылары үшін бөлек жазылады.

ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабы медициналық куәландыру туралы статистикалық есептер жасау үшін пайдаланылады және 75 жыл бойы сақталады.

Әрбір хаттаманың ағымдағы жылдың басынан бастап есептелетін реттік нөмірі, оның басталған және аяқталған күні болады.

ӘДК хаттамалары кітабындағы жазбалар толық, белгіленген нысанға сәйкес болуы тиіс. Келісілмеген түзетулер мен тазалауға жол берлімейді. Штаттан тыс ӘДК нысанда белгіленгеннен басқа, госпитальдік (гарнизондық) ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабында "ауру диагноздары және олардың себепті байланысы" бағанында стационарлық (амбулаторлық) науқастың медициналық картасының нөмірін көрсетеді.

Білім беру ұйымдарының уақытша әрекет ететін ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабында қысқаша жазбалар жүргізуге рұқсат етіледі. ӘДК созылмалы аурулары және дене кемістігі бойынша білім беру ұйымдарына түсуге жарамсыз деп таныған адамдарға қатысты белгіленген диагноздан басқа, кандидатты алдын ала куәландырған ӘДК-нің атауы мен диагнозын көрсетілуі тиіс.

ӘДК отырысының хаттамасына комиссия төрағасы (комиссия отырысын өткізген адам), отырысқа қатысқан комиссияның барлық мүшелері (үшеуден кем емес) және комиссия хатшысы комиссия отырысы күні қол қояды, елтаңбалы мөрмен бекітіледі, содан кейін хаттама заңды күші бар ресімделген құжат болып табылады.

Білім беру ұйымдарында хаттамаға комиссия төрағасы мен хатшысы қол қояды.

192. Электрондық есеп әрбір куәландырылатын, оның ішінде медициналық сараптамалық құжаттар бойынша қаралған адамға жүргізіледі, сондай-ақ ПФЗ-да психофизиологиялық зерттеулердің есебі жүргізіледі.

Қайта жүргізілген медициналық куәландыру кезінде алдынғы жазба толықтырылады.

193. Бейбіт уақытта ауруы туралы куәлік білім беру ұйымдарының уақытша әрекет ететін ӘДК-дан басқа, мыналарға:

әскери есептен шығарыла отырып, әскери қызметке жарамсыз;

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс жағдайында шектеулі екінші дәрежеде жарамды;

егер ӘДК қорытындысын іске асыру қатардағы және басшы құрамдағы адамды:

1) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды;

2) білім беру ұйымдарының курсанттары мен тыңдаушыларын;

3) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының отбасы мүшелерін жаңа қызмет орнына ауыстырға әкеп соқса, мамандандырылған емдеу мекемелерінде ұзақ уақыт (1 жылдан астам) емделу, бақылауда болу, мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқу немесе тәрбиелеу қажет болған жағдайда (тек отбасы

мүшелері үшін), сондай-ақ оларды тасымалдау мүмкін болмаған жағдайда қолайсыз климаттық жағдайлары бар жерлерде қызмет өткеруге (тұруға) жарамсыз деп танылғандарға барлық ӘДК-да ресімделеді

Соғыс уақытында ауру туралы куәлік әскери қызметке жарамсыз; екінші дәрежелі шектеулі жарамды; 6-12 айдан кейін қайта куәландырыла отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға толтырылады.

Штаттан тыс ӘДК ресімделген ауру туралы куәліктер қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға жоғары тұрған ӘДК-да, жоғары басшы құрам мен генералдарға – Қазақстан Республикасы ІММ ОӘДК-да бекітілуге жатады.

Ауру туралы куәліктерді бейбіт уақытта штаттық ӘДК 4 данада, штаттан тыс ӘДК 5 данада (5-ші данасы штаттан тыс ӘДК-нің қорытындысын бекіткен ӘДК-де қалады) толтырылады. Ауру туралы куәліктің үш данасы медициналық куәландыру актісінің титул парағына қол қойдыра отырып, тиісті кадр қызметіне (1 данасы жеке іске, 2-данасы зейнеткерлік іске, 3-данасы тұрғылықты жері бойынша ҚІД, ҚІБ, ҚІб әскери жеке ісіне тігу үшін) беріледі, төртінші данасы ӘДК-нің медициналық куәландыру актісінде қалдырылады.

Соғыс уақытында ауру туралы куәліктер 3 данада жасалады.

Кадр қызметінің инспекторына медициналық куәландәру актісіне қол қойғыза отырып, ауру туралы куәлік беріледі.

Ауру туралы куәлік куәландырылатын адамның қолына берілмейді.

Психикалық аурулары, қатерлі ісік аурулары, жыныстық аурулары бар адамдарға, АИТВ, ЖҚТБ жұқтырған науқастарға толтырылған ауру туралы куәліктердің әр данасының ішкі жағындағы жоғарғы жағында мынадай мазмұндағы мөртаңба қойылады: "көшірмесін жасауға, қолға беруге, мәліметтерді жария етуге тыйым салынады".

Көрсетілген ауру туралы куәліктерден көшірмелер немесе телнұсқалар тек олар жоғалған жағдайларда ішкі істер органдарының, медициналық мекемелердің, халықты әлеуметтік қорғау органдарының, ҚІД, ҚІБ, ҚІб сұрау салуы бойынша тек бір данада беріледі.

Ауру туралы куәлікте ӘДК ресімдеген жарамдылық санаты туралы қорытынды 6 ай ішінде жарамды. Егер қорытынды мерзім ішінде іске асырылмаса немесе қызмет өткеруін жалғастырып жүрген куәландырылатын адамның денсаулық жағдайында елеулі өзгерістер болса, куәландыру қайтадан жүргізіледі.

Ауру туралы куәлікте куәландыру барысында анықталған барлық ауруларға қатысты аурудың себепті байланысы туралы қорытынды міндетті түрде шығарылады, әртүрлі тұжырымдар болған жағдайда бөлек шығарылады. Мертігулердің (контузиялардың, жарақаттардың, жаралануларлардың) зардаптары

бойынша ӘДК-ге анықтама не денсаулығына зиян келтіру фактісі мен оның мән-жайлары туралы қызметтік тергеу қорытындылары ұсынылуы тиіс, бұл ретте ауру туралы куәлікте себепті байланыс туралы тиісті тұжырымнан кейін құжаттың сақталу орны көрсетіле отырып, толтырылған күні мен нөмірі жазылады (№ істе, медициналық куәландыру актісінде және т.б.).

Жарамдылық санаты туралы қорытындыны және аурудың, мертігудің, ( жараланудың, жарақаттардың, контузиялардың) себепті байланысы туралы қаулыны бекіту үшін жоғары тұрған ӘДК-нің қарауына жататын ауру туралы куәліктер тиісті комиссияларға ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабында тіркелген сәттен бастап 5 күннен кешіктірілмейтін мерзімде медициналық куәландыру актісімен және анықталған ауруларды сипаттайтын медициналық сараптама құжаттарымен бірге жолданады.

Ауру туралы куәліктерді толтыруда латын белгілерін пайдалануға, терминдер мен сөздерді (жалпы қабылданғандардан басқа) қысқартуға тыйым салынады. Ауру туралы куәлікте келісілмеген түзетулер мен тазартуларға жол берілмейді.

193. Бейбіт уақытта ауруы туралы куәлік білім беру ұйымдарының уақытша жұмыс істейтін ӘДК-дан басқа, мыналарға:

әскери есептен шығарыла отырып, әскери қызметке жарамсыз;

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды;

егер ӘДК қорытындысын іске асыру қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды жаңа қызмет орнына ауыстырға әкеп соқса, мамандандырылған емдеу мекемелерінде ұзақ уақыт (1 жылдан астам) емделу, бақылауда болу, мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқу немесе тәрбиелеу қажет болған жағдайда (тек отбасы мүшелері үшін), сондай-ақ оларды тасымалдау мүмкін болмаған жағдайда, қолайсыз климаттық жағдайлары бар жерлерде қызмет өткеруге (тұруға) жарамсыз деп танылғандарға, барлық ӘДК-да ресімделеді:

1) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға;

2) білім беру ұйымдарының курсанттары мен тыңдаушыларға.

Соғыс уақытында ауру туралы куәлік әскери қызметке жарамсыз; әскери қызметке шектеулі жарамды; 6-12 айдан кейін қайта куәландырыла отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға толтырылады.

Жоғары басшы құрамдағы адамдарға толтырылатын ауруы туралы куәліктер ҚР ІІМ ОӘДК-де бекітуге жатады.

__________________________________________________________________
___
___________/____________________
(қолы, Т.А.Ә.)
20__ж. "_____" ________________.

Қазақстан Республикасының
ішкі істер органдарында
әскери-дәрігерлік сараптама
өткізу қағидаларына
20-қосымша

"Қызмет бабында пайдалану үшін"
№ – 2 дана

## Полиграфологиялық зерттеудің нәтижелері бойынша қорытынды

20__ жылғы "___" ___________ жолдама бойынша___________________

_______________________________________________________________
(бастамашының лауазымы, Т.А.Ә.)

_______________________________________________________________
(зерттелетін адамның Т.А.Ә., туған жылы)
полиграфологиялық зерттеу жүргізілді.
Зерттеу____________________________________________________________
__
(өткізу орны)
20__ ж. "___________" _____. ____ - ____полиграфолог_________________
*(басталған уақыты) (аяқталған уақыты) (Т.А.Ә.)*
Зерттеу ______________________________________ полиграфта жүргізілді.
(маркасы, сериялық нөмірі)
Зерттеудің негіздемесі:______________________________________________
__________________________________________________________________
___
Анықталуы тиіс сұрақтар: ____________________________________________
__________________________________________________________________
___
__________________________________________________________________
___
(сұрақтардың мазмұны)
Алынған полиграммалар________________________бойынша бағаланды.
*(әдістеме атауы)*
Тестілеу барысында зерттелетін адамның жауаптары кезінде
мынадай сұрақтарға физиологиялық реакциялар алынды:
1. ____________________________________________________________
2. ____________________________________________________________
3. ____________________________________________________________
Сондай-ақ, зерттелетін адам әңгімелесу процесінде
__________________________________________________________________
___
__________________________________________________________________
___
__________________________________________________________________
___
__________________________________________________________________
___
__________________________________________________________________
___

(зерттелетін адамнан қандай да болмасын құқыққа қайшы әрекеттер туралы алынған ақпарат көрсетіледі)

Зерттеудің нәтижелері мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: ___

_________________________________________________________________

___

Полиграфолог: _____________________________________________

__

(қолы, Т.А.Ж..)

20___жылғы "___" _________________

Қазақстан Республикасының
ішкі істер органдарында
әскери-дәрігерлік сараптама
өткізу қағидаларына
21-қосымша

Емдеу-профилактикалық мекемесінің
(әскери-дәрігерлік комиссияның)
бұрыштама мөртаңбасы

# АНЫҚТАМА

_________________________________________________________________

___

(арнаулы атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

Қызметтік міндеттерін орындау кезінде________________________________

(күні, айы, жылы)

_________________________________________________________________

___

(денсаулықты ауыр, жеңіл зақымдау – жазбаша түрде көрсетіледі)

жаралану, контузия, жарақат, мертігу, ауру_____________________________

(керек емесі сызып тасталсын)

_________________________________________________________________

___

(жараланудың, контузияның, жарақаттанудың,

_________________________________________________________________

___

мертігудің немесе аурудың сипаты мен оны оқшаулау көрсетілсін)

______________________________________________________________

кезінде

(сақтандыру оқиғасының туындауының мән-жайлары көрсетіледі)

_______________________________________________________________

алдым.

Осыған байланысты 201__жылғы "__"______ бастап 201__жылғы "__"______ аралығында

_________________________________________________________________
___

(емдеу-профилактикалық мекемесінің атауы

_____________________________________________________емдеуден өттім.

көрсетілсін)

Анықтама сақтандыру сомасын алу үшін берілді.

_________________________________

М.О. Әскери-дәрігерлік комиссияның емдеу-профилактикалық мекемесі бастығының қолы

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 18 қарашадағы
№ 939 бұйрығына
2-қосымша

# Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ереже

## 1-тарау. Негізгі ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексіне, "Ішкі істер қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама органдарының (бұдан әрі – ӘДС) функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының (бұдан әрі – ҰҰ) әскери-дәрігерлік сараптама органдарының функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 118 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10337 болып тіркелген) бекітілген ҰҰ ӘДС органдары туралы ережемен регламенттелген.

2. ӘДС органдары ішкі істер органдарында ӘДС-ны ұйымдастыруға және өткізуге арналған.

3. ӘДС органдары - Ішкі істер министрлігі мен оның облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтық Полиция департаменттері ( бұдан әрі - ПД) дербес құрылымдық бөліністері болып табылатын штаттық ӘДК.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Әскери-дәрігерлік сараптама органдарының негізгі міндеттері:

1) ішкі істер органдарының білім беру ұйымдарының курсанттары мен тыңдаушылары, ішкі істер органдарының қатардағы және басқарушы құрамындағы адамдардың, ішкі істер органдарына қызметке және Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына түсуші кандидаттардың ішкі істер органдарында қызметке жарамдылығын, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 60-бабына сәйкес, "Ішкі істер органдарында қызмет ету үшін адамдардың денсаулығы жағдайларының сәйкестілігіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 132 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6175 болып тіркелген) сәйкес республиканың жекелеген жерлерде және шет елдерде, оның ішінде қолайсыз климат жағдайларында қызмет етуге жарамдылығын денсаулық жағдайы, физикалық және психикалық дамуы бойынша анықтау;

2) ӘДС материалдары бойынша ведомстволық медициналық және әскери-дәрігерлік мекемелерде емдік-диагностикалық жұмыстың ұйымдастырылуын, өткізілуін және нәтижелерін бақылау;

3) ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының Қазақстанның жекелеген жерлерінде және шет елдерде, оның ішінде жағымсыз климат жағдайларында өмір сүру мүмкіндігін, сондай-ақ ұзақ мерзімді мамандандырылған емдеу және медициналық қарау қажеттілігін денсаулығының жағдайы бойынша анықтау;

4) ішкі істер органдарына қызметке жаңадан қабылданатын, Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына түсуші қызметкерлерді, кандидаттарды медициналық куәландырудың нәтижелерін бағалау және осы жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

5) ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының ауруларының, мертігулерінің (жаралануының, контузияларының, жарақаттарының) майданда болумен, қызмет өткерумен, қызметтік (әскери қызметтің) міндеттерін орындаумен себепті байланысын анықтау;

6) бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешіміне байланысты басқа мемлекеттер аумағындағы әскери іс-қимылдарға қатысқан, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының; әскери іс-қимылдар жүргізіп жатқан кезеңдегі басқа мемлекеттерге бағытталған және оқу даярлығына шақыртылған әскери міндетті адамдардың ауруларының, мертігулерінің (жаралануының, контузияларының, жарақаттарының) себепті байланысын анықтау;

7) радиациялық апаттар мен Чернобыль АЭС-тегі және басқа да азаматтық немесе әскери объектілердегі, ядролық қаруды сынаудағы авариялардың зардаптарын жоюға байланысты жұмыстарды орындауға тартылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың және әскери қызметшілердің ауруларының, мертігулерінің (жаралануының, контузияларының, жарақаттарының) себепті байланысын анықтау;

8) КСРО-ны қорғау кезінде немесе әскери қызметтің міндеттерін, қызметтік міндеттерінн орындау кезінде алған мертігулерінің (жаралануының, контузияларының, жарақаттарының) себепті байланысы туралы мәселені шешу үшін бұрынғы әскери қызметшілердің, Ұлы Отан соғысы мен басқа да қарулы қақтығыстарға қатысушылардың дене жарақаты айқын салдарының сипаты мен мезгілін анықтау;

9) қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың және әскери қызметшілердің қайтыс болуына әкеп соққан ауруларының, мертігулерінің ( жаралануының, жарақаттарының, контузияларының) себепті байланысын анықтау;

10) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды және әскери қызметшілерді емдеу қорытындыларын және медициналық куәландыру нәтижелерін талдау, қызмет жағдайларының денсаулық жағдайына әсерін бағалау және мамандығы бойынша қызмет ету мерзімін ұзарту не тиімді жұмысқа орналастыру мақсатында олардың денсаулығын нығайту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

11) азаматтардың ішкі істер органдарынан, Қазақстан Республикасының ҰҰ-дан қызметтен босатылу сәтіне ішкі істер органдарындағы қызметке, әскери қызметке жарамдылығын анықтау;

12) әскери-дәрігерлік сараптама мамандарының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.

5. Бір дәрігер-маманның жұмыс күні қабылдайтын адамдар саны, зерттеуден кейін қайта келген адамдарды есепке ала отырып, бейбіт уақытта 25 адамнан, ал Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарындағы соңғы куәландыру кезінде және соғыс уақытында 50 адамнан аспауы тиіс.

6. Әскери-дәрігерлік сараптама органдарына сарапшы-мамандар лауазымдарына жоғары медициналық (әскери-медициналық) білімі, маман

сертификаты, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың және басқа да орталық мемлекеттік органдар мен өзге де орталық мемлекеттік органдардың медициналық (әскери-медициналық) мекемелерінде (ұйымдарында) клиникалық және (немесе) сараптамалық жұмыс тәжірибесі бар адамдар тағайындалады.

7. ӘДК қорытындысын комиссия мүшелерінің басым дауысымен алқалық түрде шығарады. Дауыс саны тең болған кезде ӘДК төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссия төрағасы немесе жекелеген мүшелері басқалардың ойымен келіспеген жағдайда олардың ерекше пікірі немесе негіздемесі куәландыру актісіне (картасына) және әскери-дәрігерлік комиссия хаттамасына жазылады. Ішкі істер органдарында қызметке жарамдылығы Талаптарға сәйкес айқындалады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Ішкі істер органдары әскери-дәрігерлік комиссияларының ұйымдастырушылық-штаттық құрылымын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі (бұдан әрі – Ішкі істер министрі) бекітеді.

## 2-тарау. Әскери-дәрігерлік комиссия құрамы

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - ІІМ) Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясының құрамы Ішкі істер министрі тағайындайтын Қазақстан Республикасы ІІМ Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясының (бұдан әрі – ОӘДК) бастығын (төрағасын) қоспағанда, Ішкі істер министрі орынбасарының бұйрығымен бекітіледі.

10. ӘДК мамандарының және қызметкерлерінің лауазымдары мен тегі көрсетілген ӘДК құрамы (тұрақты және уақытша жұмыс істейтін) ПД бастықтарының және Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары бастығының бұйрықтарымен анықталады.

ПД ӘДК құрамы алдын ала ОӘДК төрағасымен келісіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. ӘДК (тұрақты және уақытша әрекет ететін) төрағалары және олардың орынбасарлары қызметке тағайындалғаннан кейін және әрі қарай әр жылдың

басында ОӘДК-ға кадр қызметтері куәландырған қолтаңбаларының үлгісін ұсынады.

12. ӘДК-ның (тұрақты және уақытша әрекет ететін) қызметін бақылау, әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз ету ОӘДК-ға жүктеледі.

## 3-тарау. Штаттық әскери-дәрігерлік комиссиялар, олардың құқықтары менміндеттері

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. ОӘДК, ПД ӘДК арнайы мақсаттағы медициналық (әскери-медициналық) сараптама-диагностикалық бөліністер болып табылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Арнайы мақсаттағы медициналық сараптама-диагностикалық бөліністер болып табылатын штаттық ӘДК ведомстволық әкімшілік ғимараттарда және медициналық мекемелерде орналасады.

15. Өз алдында тұрған мәселелерді шешуде штаттық ӘДК әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша ӘДК-мен, басқа министрліктердің және ведомстваларның мекемелерімен, ұйымдарымен, әскери-медициналық, медициналық қызметтерімен, мемлекеттік және муниципалдық денсаулық сақтау жүйесінің медициналық мекемелерімен, сәйкес медициналық және әскери-медициналық мекемелермен, сонымен қатар Қазақстан Республикасы ІІМ-нің, ПД басшылығымен, ҰҰ қолбасшылығымен өзара іс-қимыл жасасады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Штаттық ӘДК қызметкерлерін әскери-дәрігерлік сараптамаға байланысты емес мәселелер мен міндеттерді шешу үшін тартуға тыйым салынады.

17. Штаттық ӘДК:

1) ОӘДК;

2) ПД ӘДК.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Егер комиссия төрағасының штатты лауазымы сан нормативтерінде көзделмесе, ПД ӘДК-сы толық емес құрамды бола алады. Осы жағдайда толық емес құрамды ӘДК-ның төрағасы болып негізгі дәрігерлік мамандықтардың бірі ПД ӘДК сарапшысы болып табылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Ішкі істер министрлігіне бағынысты білім беру ұйымдарының

ӘДК-сы штаттан тыс уақытша әрекет ететін ӘДК болып табылады.

20. Штаттық ӘДК-да Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы және мемлекеттік тілде жазылған атауы бар мөрі, бекітілген үлгідегі мөртаңбалар мен бланкілері болады. Әскери-дәрігерлік сараптаманың штаттан тыс органдарының құжаттары өздері құрылған білім беру ұйымының елтаңбалы мөрімен бекітіледі.

21. ӘДК-да іс-қағаздары Қазақстан Республикасының Ішкі істер министінің " Ішкі істер органдары жүйесінде құжаттауды және құжаттаманы басқару қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 20 қаңтардағы № 33 және "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің жұмыс тәртібін бекіту туралы" 2010 жылғы 30 маусымдағы № 293 бұйрықтарына сәйкес жүргізіледі.

22. ӘДК қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

## 1-параграф. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы

23. ОӘДК Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің дербес құрылымдық бөлінісі болып табылады.

24. ОӘДК-ның құрылымы мен штаттарын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекітеді.

25. ОӘДК ішкі істер органдары жүйесінде әскери-дәрігерлік сараптаманың басқарушы бөлінісі болып табылады.

ОӘДК-ның әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша нұсқаулары ішкі істер органдарының барлық штаттық және штаттан тыс ӘДК (тұрақты және уақытша әрекет ететін) үшін міндетті болып келеді.

ОӘДК әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша осы бұйрықтың нормаларын, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің "Адамдардың ішкі істер органдарындағы қызметке денсаулық жағдайының сәйкестігіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2010 жылдың 31 наурыздағы № 132, "Ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптамалар жүргізу кезіндегі зерттеу

әдістемесі нұсқамасын бекіту жөніндегі" 2010 жылдың 30 маусымындағы № 256 бұйрықтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

26. Әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша ОӘДК-ның қорытындылары соңғы болып табылады және тек ОӘДК-ның өзі күшін жояды не қайта қарайды.

Әскери-дәрігерлік комиссия шешімімен келіспеген жағдайда азаматтардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа жүгінуге құқығы бар.

27. ОӘДК өзінің құрамында күндізгі және сырттай сараптама топтары, ұйымдастыру-әдістемелік кабинеті және психофизиологиялық зертханасы бар, ол ішкі істер органдарына психодиагностикалық іріктеу мәселелері бойынша басшылық ететін бөлініс және әдістемелік орталық болып табылады.

28. ОӘДК қызметін алқаластылықты, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін аражігін ажыратуды есепке алып, өзінің функцияларын орындауға жеке жауапкершіліктерін бекіте отырып, Қазақстан Республикасы ІІМ Тыл департаментінің Медициналық басқармасымен (қызметімен), Кадр жұмысы және Қаржымен қатамасыз ету департаменттерімен өзара іс-қимылда жоспарлы негізде ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

29. ОӘДК-ға:

1) ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптаманы ұйымдастыру;

2) төмен тұрған ӘДК-ға басшылық ету, олардың жұмысын бақылау, және оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

3) төмен тұрған ӘДК-да медициналық куәландыру жүргізуді бақылау;

4) ішкі істер органдары жүйесінің ведомствалық медициналық, білім беру ұйымдарында емдеу-диагностикалық жұмысын ұйымдастыруға, өткізуге және нәтижелеріне әскери-дәрігерлік сараптаманың материалдары бойынша бақылау;

5) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды, әскери қызметшілерді және басқа да азаматтар контингентін куәландыру нәтижелерін бағалауды және талдауды ведомстволық денсаулық сақтаудың бас (жетекші) медициналық мамандарымен бірлесіп өткізу, әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша түсіндірулер мен ұсыныстар әзірлеу;

6) Нұр-Сұлтан қаласы аумақтық ПД-нің және Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан ішкі істер органдары кадр қызметтерінің жолдамасы бойынша қатардағы және басшы құрамдағы қызметкерлерді, қызметке жаңадан түсушілерді медициналық куәландыру;

7) төмен тұрған ӘДК қорытындыларына шағым түскен кезде азаматтарды куәландыру немесе қайта куәландыру;

8) міндетті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сомасын төлеу үшін қатардағы және басшы құрамдағы адамның алған мертігулерінің (жаралануының,

жарақаттарының, контузияларының) ауырлығы туралы қорытынды жасау және төмен тұрған ӘДК шығарған қорытындылардың негізділігін бақылау;

9) бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың, Ұлы Отан соғысына және басқа да әскери оқиғаларға қатысушы әскери қызметшілердің алған дене жарақаттары анық зардаптарының сипатын және ауырлығын анықтау;

10) бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың және әскери қызметшілердің ауруларының, мертігулерінің (жаралануының, жарақаттарының, контузияларының) майданда болумен, басқа әскери іс-қимылдарға қатысқан, қызмет өткерумен, әскери қызметтің міндеттерін орындаумен, қызметтік (әскери қызмет) міндеттерін өтеумен, оның ішінде, ҚІб, ҚІБ, ҚІД халықты әлеуметтік қорғау органдарының ұсынымы, азаматтардың өтініші бойынша қайтыс болуға әкеп соққан себепті байланысын анықтау;

11) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін, ұсыныстарын, шағымдарын қарастыру және қабылдау, осы жұмыстын нәтижелерін талдау және жалпылау;

12) төмен тұрған ӘДК мамандарының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

13) төмен тұрған ӘДК жұмыс тәжірибесінің нәтижелерін талдау және жалпылау;

14) әскери-дәрігерлік сараптама бойынша нормативтік құқықтық және құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

15) ішкі істер органдарына қызметке, білім беру ұйымдарына түсушілерге, ішкі істер органында қызмет өткеретін азаматтардың денсаулық жағдайларына қойылатын талаптар әзірлеу;

16) қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың, әскери қызметшілердің қызметке аймақтарда, оның ішінде қолайсыз климаттық жағдайлардағы шет елдерде және радиоактивті ластануға ұшыраған аумақтарда тұруға жарамдылығын анықтау үшін олардың денсаулық жағдайларына қойылатын талаптар әзірлеу;

17) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері және оларды ішкі істер органдарында практикалық қолдану бойынша Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу;

18) әскери-дәрігелік сараптама мәселелері бойынша есептілігін және есептерінің тәртібін әзірлеу;

19) жоғары басшы құрамдағы адамдардың, Қазақстан Республикасы ІІМ номенклатурасына кіретін лауазымдарды атқаратын басшы құрамдағы басқа адамдардың сырқаттануы туралы куәліктерді қарау және бекіту;

20) бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың, әскери қызметшілердің ішкі істер органдарынан босатылған кезеңдегі, көрсетілген

кезеңнің медициналық сараптама құжаттары бойынша әскери қызметке жарамдылық санаты туралы ӘДК қорытындыларын шығару және қайта қарау;

21) ішкі істер органдарына қабылдауға байланысты ПД ӘДК-да куәландырылған бұрын ішкі істер органдарынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінен (бұдан әрі - ҰҚК), Қарулы Күштерден, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан ауруы бойынша босатылған, ауруы бойынша әскердегі мерзімді қызметтен босатылған адамдарға медициналық сараптамалық құжаттаманы қарау және қорытындыларды бекіту;

22) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша кеңестер, жиындар ұйымдастыру және өткізу жүктеледі.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. ОӘДК:

1) жарамдылық санаты туралы өздерінің және төмен тұрған ӘДК-ның қорытындыларын қарайды, бекітеді (бекітпейді), қайта қарайды немесе күшін жояды;

2) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша нұсқаулықтар, түсіндірулер, әдістемелік ұсынымдар шығарады;

3) ішкі істер органдарының медициналық мекемелеріне, басқа министрліктер мен ведомстволардың әскери-медициналық мекемелеріне және медициналық мекемелеріне куәландырылатын адамдарды стационарлық, амбулаторлық зерттеуге немесе емдеуге жібереді;

4) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша төмен тұрған ӘДК жұмысын тексереді және оларға нұсқаулар береді;

5) Қазақстан Республикасы ІІМ-нің медициналық және әскери медициналық, білім беру ұйымдарында және әскери-оқу мекемелеріндегі емдеу-диагностикалық жұмысының ұйымдастырылуын және жай-күйін әскери-дәрігерлік сараптама материалдары бойынша тексереді. Стационарлық науқастың медициналық картасын қоса алғанда, қажетті медициналық сараптамалық құжаттаманы сұратады;

6) ішкі істер органдарының кадр қызметтері мен мұрағаттық мекемелерінен, ҚІД, ҚІБ, ҚІб, әскери бөлімдерден, басқа мекемелер мен ұйымдардан жеке және зейнеткерлік істер, медициналық құжаттар, қызметтік тексерістер, әкімшілік тергеу, анықтау, қылмыстық іс материалдары, мінездемелер, мұрағаттық анықтамалар, бұйрықтардан, актілерден, хаттамалардан үзінділер және сараптамалық қорытынды шығаруға қажетті басқа да құжаттарды сұратады;

7) ішкі істер органдарына қабылданатын, білім беру ұйымдарына түсуші адамдарға, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қатысты, сондай-ақ ҚІД,

ҚІБ, ҚІб, прокуратураның белгіленген тәртіптегі бағыттары бойынша ішкі істер органдары кадр қызметтерінің тиісті құжаттарын ресімдеу үшін заңды күші бар қорытындылар (қаулылар) шығарады;

8) ішкі істер органдары медициналық мекемелерінің, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау мекемелерінің бас (жетекші) мамандарын әскери-дәрігерлік сараптаманың мәселелерін шешу үшін тартады.

9) төмен тұрған ӘДК-дан ағымдағы статистикалық деректерді, азаматтарды медициналық куәландырудың нәтижелері туралы нақтылайтын немесе толықтыратын есептерді сұратады;

10) осы бұйрықпен бекітілген Ереже мен Нұсқаулықтарды ішкі істер органдарында практикалық қолдану, әскери-дәрігерлік сараптаманың басқа да мәселелері бойынша ПД ӘДК-ға нұсқаулар және түсіндірулер береді;

11) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери-дәрігерлік комиссиясына әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша нұсқаулар береді;

12) ішкі істер органдарынан босатылған, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда, әскери қызметшілерде, оның ішінде қайтыс болуға әкеп соққан, ауруларының, мертігулерінің (жаралануының, жарақаттарының, контузияларының) себепті байланысы туралы оның ішінде өзінің қаулыларының күшін жояды және қайта қарайды;

13) дәрігерлік-сараптау нәтижесінде ауру анықталған кезде емделуде жүрген, оның ішінде жиі және ұзақ ауыратын қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды, әскери қызметшілерді кадр қызметтерімен келісім бойынша медициналық куәландыруға белгіленген тәртіпте бағыттайды.

Оны тексерудің және емдеудің нәтижелері ӘДК-ға жарамдылықты шектеу, әскери қызметке жарамсыздық, демалысқа, қызметтік, әскери қызметтің міндеттерін орындаудан босатуға мұқтаждық туралы қорытынды шығаруға негіз берген кездегі және одан әрі емдеу жарамдылық санатын өзгертуге әкеп соқпайтын кездегі денсаулық жағдайы дәрігерлік-сараптау нәтижесінде анықталған деп түсініледі.

Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-параграф. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың ПД әскери-дәрігерлік комиссиясы

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. ПД ӘДК тиісті ПД-ның ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптаманың басшылық етуші бөлінісі болып табылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. ПД-ның штаттық ӘДК осы Ереженің 10-тармағында айтылған жүктемеге байланысты толық және толық емес құрамды бола алады.

ПД ӘДК-ның құрылымы мен штаттарын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бекітеді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. ПД ӘДК бастығы (төрағасы) азаматтардың, қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың және әскери қызметшілердің әскери-дәрігерлік сараптамасы мәселелері бойынша ОӘДК бастығына бағынады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. ПД ӘДК әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша осы Ереже мен Қағидаларды басшылыққа алады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Арнайы мақсаттағы медициналық сараптама-диагностикалық бөлінісі болып табылатын ПД ӘДК ішкі істер органдарына қабылданатын, білім беру ұйымдарына түсетін адамдарға қатысты ПД кадр қызметтерінің, ал қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға және әскери қызметшілерге қатысты халықты әлеуметтік қорғау органдарының, сақтандыру органдарының тиісті құжаттарын ресімдеу үшін заңды күші бар қорытынды (қаулы) шығарады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Қазақстан Республикасы ІІМ номенклатурасына кіретін жоғары басшы құрамдағы адамдарға, бұрын ішкі істер органдарынан, ҰҚК-ден, Қарулы Күштерден, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан босатылған не ауруы бойынша әскердегі мерзімді қызметтен босатылған, бірақ кейіннен жарамды деп

танылған азаматтарға қатысты ПД ӘДК-ның шешімі ішкі істер органдарына қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы ІІМ ОӘДК-да бекітілуге жатады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. ПД ӘДК-ға:

1) ПД әскери-дәрігерлік сараптаманы ұйымдастыру және қызметті жетілдіру бойынша жоғары тұрған органдарға ұсыныстар әзірлеу;

2) облыстың, қаланың аумағында орналасқан штаттан тыс ӘДК қызметіне басшылық ету және бақылау;

3) ішкі істер органдарына қабылданатын, білім беру ұйымдарына түсетін адамдарды, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды ПД, ішкі істер органдары кадр қызметтерінің жолдамалары бойынша, сондай-ақ жергілікті әскери басқару органдарының, прокуратураның жолдамалары бойынша белгіленген тәртіпте куәландыру;

4) облыс, қала аумағында орналасқан ведомстволық медициналық мекемелердегі, білім беру ұйымдарындағы, сондай-ақ қатардағы және басшы құрамдағы адамдар тексеруден, емдеуден және куәландырудан өтетін денсаулық сақтау мекемелердегі емдеу-диагностикалық жұмысын ұйымдастыруды, өткізуді және нәтижелерін әскери-дәрігерлік сараптаманың материалдары бойынша бақылау;

5) міндетті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сомасын төлеу үшін қатардағы және басшы құрамдағы адамдар, әскери қызметшілер алған мертігулердің (жаралануның, жарақаттың, контузиялардың) ауырлығы туралы қаулы шығару және штаттан тыс ӘДК (емдеу-профилактикалық мекемелері) шығарған қорытындылардың негізділігін бақылау;

6) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды куәландыру нәтижелерін талдауды және бағалауды ведомстволық денсаулық сақтаудың, денсаулық сақтау мекемелерінің бас (жетекші) медициналық мамандарымен бірлесіп өткізу, әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

7) өтініштерді, ұсыныстарды, шағымдарды қарау, әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша азаматтарды қабылдау, нәтижелерді талдау және жалпылау, алты ай мен жыл қорытындысы бойынша ОӘДК-ға мәліметтер ұсыну;

8) облыс, қала аумағында орнасқан Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру ұйымдарына түсетін кандидаттарды соңғы куәландыруға практикалық көмекті ұйымдастыру мен көрсетуді бақылау;

Білім беру ұйымының уақытша әрекет ететін комиссиясының жұмысы аяқталған күннен бастап 5 күннен аспайтын мерзімде соңғы медициналық

іріктеудің нәтижелері туралы есепті жасауға практикалық көмек көрсету және оны ОӘДК-ға тиісінше ұсыну;

9) қала, облыс аумағында орналасқан Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру ұйымдарының тыңдаушылары мен курсанттарын куәландыру;

10) бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың және әскери қызметшілердің әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытындыларды және олардың ауруларының, мертігулерінің (жаралануының, жарақаттарының, контузияларының) себепті байланысы туралы қаулыларды шығару үшін медициналық, әскери-медициналық, әскери-есептік, мұрағаттық және де басқа құжаттарды ОӘДК дайындау және ұсыну;

11) статистикалық жылдық есептерді және қажет жағдайларда медициналық куәландыру туралы ағымдағы статистикалық деректерді құру және ОӘДК-ға ұсыну жүктеледі.

Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. ПД ӘДК:

1) осы Ереже мен Қағидаларға, сондай-ақ Талаптарға сәйкес қорытынды шығарады;

2) штаттан тыс ӘДК қорытындыларын қарайды, бекітеді (бекітпейді), өзінің және штаттан тыс ӘДК қорытындыларын қайта қарайды немесе күшін жояды;

3) облыс аумағында орналасқан ведомстволық мекемелердегі және денсаулық сақтау мекемелеріндегі, әскери бөлімдердегі, білім беру ұйымдарындағы емдеу-диагностикалық жұмысын ұйымдастырудың және жай-күйінің әскери-дәрігерлік сараптама материалдары бойынша тексереді. Қажет болған жағдайда стационарлық науқастың медициналық карталарын қоса алғанда, медициналық сараптама құжаттамасын сұратады;

4) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды, ішкі істер органдарына қызметке, ішкі істер органдарынының білім беру ұйымдарына түсетін азаматтарды станционарлық және амбулаторлық тексеру мен куәландыру үшін ведомтволық медициналық мекемелерге және денсаулық сақтау мекемелеріне жолдайды;

5) ПД, жергілікті әскери басқару органдарынан, басқа мекемелердің әскери бөлімдерінен жеке және зейнеткерлік істерді, медициналық құжаттар, қызметтік тексерістер, әкімшілік тергеу, анықтау, қылмыстық іс материалдарын, мінездемелерді, мұрағаттық анықтамаларды, бұйрықтардан, актілерден, хаттамалардан үзінділерді және қорытынды жасауға қажетті басқа да құжаттарды сұратады;

6) штаттан тыс ӘДК жұмысын тексереді, әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша оларға нұсқаулар мен түсіндірулер береді;

7) қаулылар шығарады, ал қажет болған жағдайда қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың және әскери қызметшілердің ауруларының, мертігулерінің (жаралануының, жарақаттарының, контузияларының) себепті байланысы туралы өзінің қаулыларын, штаттан тыс ӘДК-ның қаулыларын қайта қарайды;

8) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелерін шешу үшін медициналық бөліністердің бас (жетекші) мамандарын және ведомстволық денсаулық сақтау, әскери-медициналық мекемелер, денсаулық сақтау мекемелерінің дәрігер-мамандарын тартады;

9) қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың, Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру ұйымдарына түсетін кандидаттардың ішкі істер органдарында қызметке жарамдылық санаты туралы өзінің, штаттан тыс ӘДК-ның қорытындыларын қайта қарайды.

Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі білім беру ұйымдарының штаттан тыс уақытша жұмыс істейтін әскери-дәрігерлік комиссиясы

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Уақытша әрекет ететін ӘДК (бұдан әрі – УӘДК) жыл сайын барлық білім беру ұйымдарына түсетін кезеңде, білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен: төраға (медициналық санитарлық бөлім бастығы); төрағаның орынбасары (штаттық дәрігер-мамандар қатарынан); аумақтық штаттық ӘДК төрағасы; комиссия мүшелері: терапевт, психиатр, невролог, хирург, офтальмолог, оториноларинголог, стоматолог, дерматовенеролог, гинеколог; хатшы (орта медициналық персонал қатарынан) құрамында кандидаттарды соңғы куәландыру үшін жыл сайын құрылады. Осы бұйрықпен УӘДК жұмысының мерзімдері және тәртібі айқындалады. Комиссия мүшелеріне төлемдер білім беру ұйымдарының қаражаты есебінен жүргізіледі.

Сапалы кәсіби іріктеу мақсатында комиссия құрамына әдетте аумақтық штаттық ӘДК-ның дәрігер-сарапшылары, психологы және зертханашысы енгізіледі.

Білім беру ұйымдарының бастықтарына ӘДК-ны қосымша жасақтау үшін ішкі істер органдары жүйесінің медициналық мекемелерінен, денсаулық сақтау мекемелерінен тиісті мамандықтардың дәрігерлерін шақыруға рұқсат етіледі.

40. Білім беру ұйымының УӘДК төрағасы білім беру ұйымының төрағасына тікелей бағынады, ал әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша аумақтық штаттық ӘДК бастығына (төрағасына) бағынады.

41. Білім беру ұйымының уақытша әрекет ететін ӘДК өз жұмысында осы Ереже мен Қағидаларды басшылыққа алады.

42. Білім беру ұйымының УӘДК әдістемелік басшылығын, оның жұмысы мен куәландыру нәтижелерін уақтылы ресімдеуді бақылауды аумақтық штаттық ӘДК төрағасы жүзеге асырады.

43. Білім беру ұйымының УӘДК-ға азаматтардың, қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың күндізгі оқу бөлімінің факультеттеріне түсуге жарамдылығын (жарамсыздығын) анықтау жүктеледі.

44. Білім беру ұйымының УӘДК санамаланған контингенттердің тек осы білім беру ұйымына түсуге жарамдылығы (жарамсыздығы) туралы қорытынды шығаруға құқығы бар.

45. Білім беру ұйымының УӘДК-ның оқуға түсуге жарамсыздық туралы қорытындысы аумақтық штаттық ӘДК-да бекітілуге жатады.

46. Куәландырудың және білім беру ұйымдарының УӘДК қорытынды нәтижелері отырыстар хаттамалары кітабына енгізіледі, аумақтық штаттық ӘДК төрағасының қолымен бекітіледі.

47. Білім беру ұйымының УӘДК төрағасы оқуға түсуге жарамсыз деп танылғандарды келісу мен бекітуден кейін, комиссия жұмысы аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей ОӘДК-ға белгіленген нысан бойынша есеп пен денсаулық жағдайы бойынша оқуға түсуге жарамсыз деп танылған кандидаттардың медициналық куәландыру карталарын жібереді.

Қазақстан Республикасы<br>Ішкі істер министрінің<br>2015 жылғы 18 қарашадағы<br>№ 939 бұйрығына<br>3-қосымша

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1) "Ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 27 шілдедегі № 325 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6407 болып тіркелген, 2010 жылғы № 15

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған (таралымның шыққан күні 2010 жылғы 25 қараша);

2) "Ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 27 шілдедегі № 325 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 580 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8850 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2014 жылғы 9 қаңтардағы № 4 (27625) санында, "Егемен Қазақстан" газетінің 2014 жылғы 9 қаңтардағы № 4 (28228) санында жарияланған);

3) "Ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 27 шілдедегі № 325 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 601 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9813 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 169 (2737) санында, "Заң газеті" газетінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 169 (2563) санында жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК